Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№14-15 (35), 14 тамыз, жұма, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

СУАН НАЗАР БАТЫР ҚАЙДА ЖЕРЛЕНГЕН?

Көрнекі сурет. Интернеттен алынды.



ШОҚАН – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ СУРЕТШІСІ

2- бет

ДҮНИЕДЕН ӨТТІ ДӘРІГЕР

6- бет

ҚҰЛАГЕР-АҒА

7- бет

ГҮЛДАРИЯ ҚАСТЕЕВА

8- бет

ШОҚАН – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ СУРЕТШІСІ



Суретшілік – бұл Шоқанның табиғи дарынының бір қыры. Шоқанның бізге мұра боп қалған 150-ге тарта суреті бар. «Шоқан біз үшін тек өзінің өлмес мұраларында ғана емес, сонымен қатар адами мұратымен халықтың жақсы да жарқын өмірге деген талпынысында тірі болып қалады», - деп жазған тарихшы Әлкей Марғұлан. Ә.Марғұлан Шоқанның еңбектерін зерттеп, сурет жазбаларын 7 топқа бөлген.

1. Жас кезіндегі салған суреттері.
2. Қазақстан мен Қырғызстан мәдени және археологиялық ескерткіштерінің суреттері.
3. Қазақтардың, қырғыздардың, ұйғырлардың тұрмысы мен салтына қатысты суреттер.
4. Ыстықкөл экспедициясы суреттері.
5. Құлжа сапарынан туған суреттер.
6. Қашқар экспедиция суреттері.
7. Замандастар портреттері.

Шоқан портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс – салтын бейнелеу жанрымен көрсеткен. Шоқанның бейнелеу өнеріне қосқан үлесі – ұлтымыздың құнды қазынасы.



Сәуле АХТАМҚЫЗЫ,
Басқұншы ауылы.

ШОҚТЫҒЫ БИІК ШОҚАН

«Оның бойында тарихшының, географтың, әдебиетшінің, тіл білімін зерттеушінің және жауынгердің талантты үйлесімін тапты. Пенде атаулыда сирек кездесетін ұлы талант оған шынайы достарды сыйға тартты», – деп жазды Олжас Сүлейменов. «Құйрықты жұлдыз секілді, Туды да көп тұрмады. Көрген, білген, өкінді. Мін тағар жан болмады», – деп данышпан ақын Абай Құнанбайұлы айтқандай Шоқан қысқа ғұмыр кешсе де көмбе көкірегіне көп нәрсені түйген болатын. Шығыстану көгінде халқымыздың тарихи болмысының биігінде мәңгілікке жарқырап тұрған жұлдыз Шоқан Шыңғысұлы Уалихановтың туғанына биыл 185 жыл. Халқымыздың дана перзентінің ерен еңбектерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, ұлы зерттеушінің ерен еңбектерін үлгі ету мақсатында Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылдық кітапханасында «Қазақтың шоқ жұлдызы – Шоқан Уалиханов» атты бейнеролигін көпшілік оқырманға ұсынды.

Одан кейін Мәдениет үйінің директоры Станбекова Гүлнар Тұралықызы бастаған «Назқоңыр» ансамблінің мүшелері Кербұлақ ауданы Шоқан ауылында орналасқан Шоқан Уалихановтың музейіне барды. Ол жерде «Ғасырдың қайталанбас ғалымы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көпшілікке ғалымның шығармашылығы жайлы құнды мәліметтер айтылды.

«Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Өздерінің барлық ізгі тілектері жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымының қалыптасуына, дамуына арнаған ағартушыларымыз – Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев. Халықтың дүниетанымы өзен болса, ал үшеуі сол өзенге құйған үш саласындай», – деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай Шоқан Уалиханов Шығыс әлеміне құйрықты жұлдыздай жалт етіп шыға келгенде, орыстың Шығыстың зерттеуші ғалымдары оны біраууыздан ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы одан маңызы зор жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі, біздің үмітімізді үзіп кетті.

Жадыра МУКАШЕВА,
Қоңырөлең ауылы.

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Індет іргеден енген биылғы жылдың әр сәті әр үрей мен қорқыныштан, адам мен адамның бір-біріне үрке қарап, қиналып жатқанынан тұрғаны жасырын емес. Көз алдымнан еш кетпейтін шығар... Жалпы әлем елдері жанталасып, жаһанды жайлаған пандемияға жұтылып кетпеуді ойластырып жатқан қиын шақ бұл. Індеттен бөлек, жалпы адамзаттың мұңы да әлемді қинап тұр. Ал, Ата-заңымыздың 3-бабында «Биліктің бірден-бір бастауы – Халық» деп жазылғаны анық екенін біліп, мемлекеттің әрбір азаматы ел мен жеріне деген қамқорлығын көрсету парызы ғой. Демек, менің де бір парызым.

Жер жәннәты Жетісудың оңтүстік күншығысында орналасқан Жаркенттегі пандемия кезіндегі жанталастың жанайқайы құрбым Жанат Бақыттың ағасы осы өкпе қабынуынан қайтыс болғанын естіп, әрі бір топ журналист құрбыларым мен көңіл айтайық деген ақылдасудан басталған еді. Сол құрбым «Жанар, ел жұрт қатты қиналып жатыр ғой, Жаркент не болып жатыр? Қырылып қалатын болдық қой! Дем жетпей қаншама адам өмірден өтті. Сол ИВЛ аппараттарға қол ұшын созатын жандарға хабарласып, ең болмағанда әр елді мекенге бес аппараттан алсақ бір аппаратқа екі сағаттан екі адам тыныс алады, сол аппарат біздің елде жоқ, бар болса өстіп қырып халықты отыра ма? Сондай аппараттарды Айнұр Тұрсынбай мен Қайрат Жолдыбайлар екі мемлекеттен өз қорлары арқылы елге алдырады. Солай істеп, бір амалын қылмасақ болмайды» деген сөзінен басталған еді. Оның көзінен аққан мөлтілдеген жасы әлі күнге дейін көз алдымнан кетер емес. «Бұлай жатқанымыз дұрыс емес, сен өз жеріңді ұйымдастыр, әр қыз әр ауылымызды қолымыздан келгенін ұйымдастырайық. Кешегі батыр аналарымыздың ұрпағы емеспіз бе? Кәзір қарусыз майдан болып жатыр қыздар» деген үні де әлі құлағымда жаңғырып тұр. Көңіл айтуға барған біздер тарасқан бойда өзім отырып ойландым. Неден

бастаймын? Әдетте кез-келген мәселені тереңірек зерттеп, ой түзейтін көзқарасым мен пікірім болушы еді деп Айнұр Асарберді журналист құрбыма телефон шалдым. «Мынау аппараттарды алмасақ Жаркентте 130-150 мың халық тұрады, қаншама азаматтардан айырылып, жер қойнына тапсырып жатырмыз. Мен ертең нақты Жаркенттің ауруханасына барып, қанша адам ауырып жатқанын, жағдай қалай екенін толық бас дәрігерінен біліп шығамын да, ары қарай қолымнан келгенінше ұйымдастырам» деп сөйлестім. Содан Айнұр маған «Мен өз әлеуметтік желіме сенің әлеуметтік желіңнің акаунттарын Жаркентке жауапты ұйымдастырушы сен деп көрсетейін. Мендегі біраз оқырманнан да көмек болар» деді. Міне, осы талпыныспен Жаркенттік журналистер Алжанбек Болысбек, Дархан Бейсенбек, Нұргелді Әбдіғани, Бақытжан Жексенбі мен аудан имамдарына, басқа да ел сыйлаған азаматтарға телефон соғып, ортақ келісімге келіп, арнайы ИВЛ аппарат үшін ұйымдастырушылар алқасын құрып, жұмыстар басталып кетті. Қандай таныс бар, ауыл аймақ, туған туыс, ел меценаттары мен ел ағалары бәріне ақпараттар бере бастадық. Елім дейтін еліміздің мықты-мықты азаматтары телефон шалып, осы аппараттардың он төртін алып беруге қол созса, бір аппаратты аудан имамдары алып, қоғамға өз үлестерін қосты. Төрт аппарат халықтан жиналып, он күннің ішінде он тоғыз аппаратты алуға бар күшімізді салдық. Бұл халық үшін ұйымдастырылып, халқымызға деп жиналған аппараттарды аудандық ауруханаға ел ағалары мен журналистер аман-есен жеткізіп берді. Ол аппараттарды аудандық бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Ерболат Бегімбетов қабылдап алды. Енді бұл аппараттар халқымызға пайдасы тиіп, науқастардың сауығып шығуына сеп болады деген үміттеміз.

Бұл – осы қиын кезеңдегі туған ел алдындағы біздің перзенттік парызымыз.

Жанар ТҰРАНҚАЗЫҚЫЗЫ

«Ауылдың асыл қазынасынан бірер сөз»

Биыл Жаскент ауылдық округі Головацкий ауылының тұрғыны болған еліміздің Еңбек сіңірген агрономы Тен Ин Гердің туылғанына 95 жыл толып отыр. Ұлты Корей. Еңбек Ері өзінің білікті еңбегімен, жарқын істерімен бірге Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері ауыл шаруашылығының қайраткері Николай Никитич Головацкиймен бірге жұмыс істеген.

Тен Ин Гер Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Ұлы Отан Соғысының орденімен екі мәрте марапатталған азамат. Сол жылдары ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағын қорғап, еңбекке етене араласты. 1960 жылы Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген агрономы атағы берілген. Ауыл халқы, өзі өскен буындары сізді мәңгі ұмытпайды. Ауылымыздың мақтанышын, дархан іздерін жастарға насихаттаймыз.

Маржан РАМАЗАНОВА,
Головацкий ауылы.

СУАН НАЗАР БАТЫР ҚАЙДА ЖЕРЛЕНГЕН?

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Жаркент ауылдық тұтынушылар қоғамының төрағасы болып жұмыс істеп жүрген кезім. Еліміздің егемендік алғанына үш жарым жылдай уақыт болып қалған. Кеңестік кездегі бүкіл өндіріс тоқтап, халыққа қажетті азық-түлік, өнеркәсіп заттары жетіспей елдің қиналып тұрған шағы еді. Оның үстіне колхоз-совхоздардың «кооператив» деген ұжымға айналып, жұмыскерлердің бұрынғы жан бағып отырған жұмыс көздері қысқарып, әйелдер ала қоржын арқалап сауда қуып, көшеге шығып, ерлер еңсесі түсіп босаға бұғып отырып қалған. Сол ауыр айлардың салмағы елдің иығын баса түскен. Панфилов аудандық тұтынушылар одағына бағынышты сауда ұжымдарының алды жабылып, арты жыл қорытындысын шығынмен аяқтап, жұмыстарын тоқтатудың аз-ақ алдында тұрды. Жазғы ауылшаруашылық науқаны кезінде аудандағы барлық шаруа кооперативтері керек-жарақ, азық-түліктерін тұтынушылар қоғамының қоймасынан, банк арқылы есеп айырысу жолымен алып тұратыны бұрыннан қалыптасқан әдеті. Жыл аяқталып қалғандықтан кооператив басшыларынан алған азық-түліктің ақшасын қайтартуға шапқылау үстінде жүрген бетім. Керекті кезінде қарызға алған заттың ақшасын қайтаруға қауқары жоқ шаруа басшыларынан өндіріп алу үшін күнде кеңсесінің есіктерін қағып жүрген күндердің бірінде жол үстінде қарсы келе жатқан машина көлігіме соғылып, содан алған жарақатпен аудандық ауруханада жатып қалғаным бар.

Бұл ауыр күн 1995 жылы 31 желтоқсан күні болған уақиға еді. Сол күннен бастап, Талдықорғанға ота жасатуға барғанша ауруханада аз күн емделуге тура келді. Мен жатқан палатада Қадыров Мұсахан деген Ақжазықтан келген науқас ақсақал жатқанын ертесі есіме келгеннен кейін біліп, ауруханадан кеткенше әңгіме дүкеніміз жарасып үлгерген. Баласы Сейіт пен келіні Ақбаян Талдықорған қаласында дәрігер болып істейтінін, ақсақал өзі зейнетке шыққанша Ақжазықтың түйесін бағып, кейін екінші ұлы Нүсіпханға өткізіп бергенін де әңгіме арасына қыстырып кеткені есімде қалыпты. Медбикелер сынған жерімнің ауырғанын басу үшін инесін шаншығаннан соң көңіл біраз жайланып қос құлағым Мұсахан ағаға қарай бұрыла беретін болды. Ол кісі де «тыңдар құлақ болса айтылар әңгіме бар ғой» дегендей күліп қойып, әріден бастап кететін. Ағамыз кезінде ар жақтан (Қытай) келсе керек. Арғы беттен келгендер қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қаймағын бұзбай бері өткізгенін әрбір отанына оралушылардың кәрі-жасының сөйлеген сөзінен байқалып тұратын. Әсіресе ана тіліне деген жаны құмар, әңгімеге құлағы үйірлер осындай адамдармен тілдессе, сөз байлығының кеніне кіргендей болады.

Соның бірі – менімен ауруханада қатар жатқан, тұла бойы тұнған шежіре, Мұсахан қарт. Ол Суан тайпасының тарихын, одан тарайтын жиырма рудың үрім-бұтағын қолмен қойғандай таратып, соңында «сен бөленешенің түгеншесінен тарайсың» деп бетіңе қарап мұртын сипап қоятыны көңілге жылу ұялатып жіберетін. Өйтпей қайтсын, жеті атаңды әкеліп алақаныңа салып берсе. Ол кісі өзі де Суан тайпасының бір бұтағы үлкен рудың бел баласы екенін сөз арасында айтып қалған. Мен де:

– Аға, өз шыққан тегіңізді тармақтап бермейміз бе, біле жүрсек, – дедім.

– Е.., неге түгендеп бермеске? Ата тегін білмейтін қазақты, қазақ деп айтуға болмас. Жеті атаны жатқа айту әрбір ұрпақтың парызы. Атамыз қазақта «текті ерден тегеурінді ұл туады, тексізден тектеусіз кеткен құл туады» деген аталы сөз бар. Соны естіп өскен құйма құлақ жас, солар ғой ел-жұрттың келешегі, – деді ағамыз.

– Ия, аға дұрыс айтасыз. Баяғыда үлкендер «еті тірі» деген бір баласын қасынан тастамай, үлкендердің сөзін тыңдап өссін деп үнемі қасына ертіп жүреді екен деп еститінбіз. Сіз де сол өз кезінде әкеге ергіш құйма құлақ болғансыз ғой деймін. Жүйелі сөзбен жүйкені оятатын жеріңіз көп кездеседі екен.

– Кім біледі қарағым, жасымнан сөйлеп келе жатқан әдет қой. Өзің айтқандай әкеміздің қасында көп жүргенім рас. Жақсы әке балаға өмірлік ұстаз екені Аллаға аян. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген содан қалған емспе. Ана доғдыр қыз келіп өкіл салғанша бағана өзің сұраған ата жөн туралы біраз әңгіме қозғалық.

– Ия аға, дұрыс айтасыз құлағым сізде.

– Қарағым, арғы ататекті қозғамай тұрып, бергі Ұлы жүз Бәйдібек бабадан таратсақ: Бәйдібектен: Албан, Суан, Дулат тарайды. Суаннан: Тоғарыстан, Байтүгей. Тоғарыстаннан: Тұрдымбет, Мұрат, Бердіке, Бәубек. Мұраттан: Егізек (орыс), Қараменде, Қарабек, Шегірек, Әбсүгір. Егізектен: Мырзагелді, Хангелді. Хангелдіден: Ақша, Солтанғұл. Солтанғұлдан: Тайлақ, Ұзақ, Түгел, Назар. Назардан: Құттыбай, Сары, Тәттібай. Құттыбайдан: Көпбай (одан басқа балалары бар). Көпбайдан: Аралбай (Бұқа – лақап аты), Өкеш, Диқанбай, Бөлекбай атты төрт ұл тарайды.

Бөлекбайдан: Қадыр (басқа балалары бар). Қадырден мен Мұсахан. Менің бес ұл, бес қызым бар. Міне, Назар ата ұрпағы да өсіп-өніп, жеті атадан асып тоғызыншы атаға аяқ басып қалыпты.

– Ой, бәрекелді, Мұсахан аға, Назар бабадан тарағандар да бір рулы елге айналған екен ғой.

– «Өсер елдің баласы тату тұрар жауымен, Өсер малдың қарасы қорғанды болар тауымен», – дегендей, өсіп-өнудің басты кепілі ағайын-туыс, ел-жұрт арасындағы тату-тәттілік пен бірлік-берекенің арқасы ғой.

– Мұсахан аға, ел аузында Назар атамыздың жаугершілік заманында қасқая жауға шапқан батыр адам болғандығы көп айтылады. Содан кейін, қырғыз Назар дегенді естіп қаламыз.

– Ия, бұл әңгімелерді көбіне өзіміздің рудың ішінде айтып жүреді. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегенінің кері ғой айтқалы отырғаның. Әңгімені сонау Солтанғұл баба өмір сүрген кезден бастасақ, ел ішіндегі сөз де сол кезден жалғасып келе жатыр деп түсінген дұрыс. Өткенде айттым ғой әкемнің қасында еріп жүріп үлкендердің аузын бағып өскенмін-деп. Сонда құлағымда қалғаны мыналар еді. Солтанғұлдан: Тайлақ, Ұзақ, Түгел үш бала дүниеге келді. Баласы Ұзақ ержүрек батыр болып өседі. Ел арасында «ұзын мұрты Ұзақ батыр» аталып, атағы атырапқа жайылады. Әкесі Ұзаққа ана Ыстық көлді жайлаған Бурайке деген қырғыз байының қызына құда түсіп, сол қызбен отау құрғызса керек. Ұзақ үйленгеннен біраз жыл өткенде қалмақтар Ыстық көлдегі Бурайке ауылын шауып, тірі қалған жалғыз Назар баланы құл етпекке қол-аяғын байлап еліне алып кетеді. Сол қалмақ қолында үш-төрт жыл құлдықта түйе бағып жүрген Назар өзі сияқты қолға түскен екі-үш естияр қазақтармен бірігіп қашып шығады. Қалмақтар ауылын шапқанда өзінен басқа әке-шеше, туған-туыстарын түгел өлтіріп кеткенін көзі көрген бала Ыстық көлге қайта барғысы келмей, баяғыда Суан еліне ұзатылған әпкесін іздеп жүріп, жездесі Ұзақ батырды табады. Назарды өзінің інісі ретінде тәрбиелеген қазақтың Ұзақ батыры басына үй, бауырына қазан, алдына мал салып берді. Жорыққа бірге аттанып жүріп балдызын қанды балақ қырандай жаужүрек ер санатына қосады. Кемеліне келіп толысқан Назар жау қолынан өлген ата-ана, жақын адамдарының кегін қайтару жолында сан рет қол бастап, жоңғарларға қырғын салуын тоқтатпайды. Кегін еселеп қайтарған Назардың атағы бүкіл Суан елін сүйсіндіріп, батыр деген құрметке ие болған екен. Назар отау көтеріп жеке үй болғанда Солтанғұл бабамыз өзінен туған Тайлақ, Ұзақ, Түгелді алдына шақырып, «мына Назар кішкентайынан қолыма келіп, ержетіп, отау көтеріп қатарларыңа қосылды. Жасынан қолымда өсіп, жаттығы болмаған соң құдай алдында сендердің қатарларыңдағы бір балам ретінде ант-су қабылдайын деп отырмын. Бұдан былай Солтанғұлдың төрт баласы Тайлақ, Ұзақ, Түгел, Назар аталып, бірге туған бауыр болып өсіп-өніңдер. Сондықтан құдай жолына ақсарбас шалынсын. Қанына қолдарыңды батырып, бауырлықтарың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуға өсиет ретінде ант етесіңдер. Егер ант бұзғандар болса соның ұрпағы өспейді. Қайғылы күндерге де тап болып тұрады», – деген баба төрт баласының қолын қанға малып отырып, «Ауызбірлік туыстық болсын, Адал ниет ұғыстық болсын! Әумин!» деп батасын берген екен. Бұл өсиетті бізге жеткізген өткен күннің өрлі ақсақалдары. Қасиет қонған Солтанғұл бабаның батасы қабыл болып, ағайынды төрт баласының бірлігі артып, дәулеті тасып, Назар батырдың ұрпақтары өсіп-өнген қордалы елге айналып келеді.

– Мұсахан аға, осыдан екі жыл бұрын Мырзагелді руының ұрпақтары бабаларына ас беріп «Қызыл еспе» ауылының орталығындағы саябаққа белгі тас орнатқанын естігеніңіз бар шығар. Сіздер де сол бабаларыңызға бір құран аударып дегендей...

– Ия, қарағым, өзің айтып жүргендей еліміз егемендік алып, қолымыз аузымызға жаңа жеткенде әруақтар жолына құран түсіріп, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандырсақ, ешкім бұның қалай демес еді. Өзім де соны ел азаматтарына құлаққағыс етуді жөн көріп жүрмін. Назар атаның басына белгі тас қойсақ па деген ойым бар.

– Ол кісінің жатқан жерін білуші ме едіңіз, қайда жерленіпті?

– Ой, баяғыда, аржақта жүргенде әке, аталарымыз сонау қалмақ шапқыншылығында ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендердің өткен өмірлері мен елге істеген жақсылықтары туралы айта беретін. Солардың ішінде көбіне осы Назар батырдың ерлігі жөнінде және өмірден өткен соң жерленген жері туралы айтқандары ойымда жатталып қалыпты.

– Сонда Назар батыр қайда жерленген екен?

– Бабамыз осы Жаркент өңірінде жерленген. Белжайлаудағы Суықсай өзенінің Аяқсаз өзеніне құяр тұсында Сәбет кезінде сүт қабылдайтын қанатын тастан қалап жасалған үйден (маслопром) Үйгентасқа қарай 150-200 метр жүргенде оң қол жақтағы төбенің баурайында төрт-бес мүрде көзге оның көрініп жатыр. Сол мүрденің біреуіне Назар баба жерленген дегендері әлі есімде. Бірақ ол кісінің қашан өмірден өткені туралы ойымда қалмапты.

– Бабаның сүйегі сол жерде жатқанын сізден басқа білетін ұрпақтары бар ма екен? Сіз біреулерге бабамыз сонда жатыр деп айтпадыңыз ба?

– Сәбет өкіметі кезінде, өзіміз арғы беттен келген соң, өткенді қозғауға қаймығып жүрдік қой. Бұдан былай болмаса...

***

Бұл әңгіме Жаркенттегі ауруханада Мұсахан аға екеуміз бір палатада бес-алты күн бірге жатқанымызда болған еді. Маған ота жасауға Талдықорған қаласына алып кеткеннен кейін ол кісімен мүлдем кездесе алмағанмын. Кейінгі жылдары шежіре ағамыздың бақилық болып кеткенін естідім. Өзім әр жылда жайлауға барып қайтарымда, жолға жақын жатқан Назар батыр бейітіне тоқтап құран бағыштағанда Мұсахан ағаның сол айтқан әңгімесі есіме түсе береді. Сол себепті кезінде елін, жерін қорғап, шыбын жанын құрбан еткен қасиетті Назар бабаны ел-жұрты біліп, ардақты есімді алаш баласы дәріптеп жүрсін деген ниетпен қолыма қалам алдым...



Қадыров Мұсахан

Базархан ЖАҚЫБАЕВ,
ақын, композитор.

ЖАҚЫБАЙ БИ

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының академигі, ғалым, сондай-ақ, ел тарихына да қалам тербеп жүрген Айбын Төреханов ағамыздың әлі сиясы кеппеген «Жақыбай би» мақаласы бірден көзге түсіп, қысқаша алғысөз жазуыма себепші болып отыр. Бұл жерде ел, жер тарихымен қатар аталмыш ел-жұрттың сөз ұстары болған дара тұлғалардың *(Албан, Суан, Жалайыр, Қаңлыдан шыққан)* саналы өмірі, көпке үлі болған іс – әекеттері, кесімді сөздері, тапқырлық пен бірге сұңғыла ақыл иесі болғандығы жайында тұщымды, жүйелі жазылған. Сондай бірегей тұлғалардың бірі - Суаннан шыққан Жақыбай би. Оның бойындағы атасы Салпық биден дарыған асыл қасиеттері арқылы: өз ортасындағы адамдарға қанатты сөздерімен ақыл айтуы, ізгілікке баулып, адамгершілік, адалдық қасиеттермен бірге еңбекке деген құлшынысты арттыруға ұдайы үндеп отыруы ел жадында жатталып қалған. Міне, Жақыбай бидің осынау ерекшелік, тұлғалық даралығын шежіреміздің қазынасы болған көнекөз қариялардың естелігі арқылы айшықтап көрсетуі, Айбын ағамыздың да атамекен мен туған ел тарихына деген сүйіспеншіліктен туындағандығы бірден байқалады.

Жазбамызға дәйек ретінде Жақыбай бидің қанатты, ғибратты сөздерінің бір мысалы ретінде мына бір шағын эпизодқа тоқталып өткім келіп отыр. *«...Осындай кезекті бір кикілжің де, Белжайлау төрінде /Ай мен Үркердің тоғысатын мезгілі екен/ орын алған. Сонда Жақыбай би екі рудың арасындағы араздыққа мынадай деп билік айтқан екен: «Уа, ағайын! Біреуің түнде жарқыраған айдай Суанға белгілі болсаңдар, бірің Үркердей ұйысып тынымды тірліктеріңді жасап жүрсіңдер. Жер біздікі емес, Алланікі. Бізге өмір сыйлаған Алла, бізді алып кетем десе де өз құдіретінде. Тәңірге табынған халықпыз ғой. Көк күмбез кеңістігінде тұрған Ай мен Үркер де қауышып қойындасады /тоғыс ұғымы/, Алла берген жерді басып жүріп, біздің осылай араздасқанымыз ұят болар. «Ертең - тоғыс, болмасын соғыс, Араздасу - бұрыс, болмасын тұрыс» көкте Ай мен Үркер қойындасқанда, жерде тәңір жаратқан бір атаның екі баласы сендер де қауышыңдар»* деп дуалы сөзі кейінгі ұрпақтары арасында әлі күнге дейін айтылып жүреді.

Қорыта айтқанда автордың, өзіндік пікір-тұжырымы, таным арқылы ізденісі, алға қойған мақсаты - туған жердің танымал тұлғаларын көпшілік назарына ұсынып, тарихи ақтаңдақтарды қалпына келтіру екендігінде шүбә жоқ. Осынау келер ұрпақ үшін таптырмас рухани қазынаның оқырмандар тарапынан өз бағасын алатынына бек сенімдіміз! Сәт сапар!...

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Тарих ғылымдарының магистрі.

Даналықты пір тұтқан қазақ халқы үшін халықтық дәстүрлер елдің тұтастығын ұйытатын, тұрақтылығын сақтайтын және берік тәртіпті қамтитын тетік ретінде қалыптасқан. Қазақтың әдет-ғұрып дәстүрінің басты қағидасы әділеттілік болды. Қазақ халқында, әдетте: «әділдігімен қара қылды қақ жарған» дейді. Осы сөз бабаларымыздың әділеттілікке бас иіп, оны ерекше қастерлегенін айғақтап тұр. Қазақ халқында әділеттілікті ту етіп ұстап, ел ішіндегі және ағайын арасындағы дау-дамайға, жанжалға бітім айтатын, түсініспеушілікке, кикілжіңге төрелік шешімді шығаратын билер болған. Билер институты дәстүр сабақтастығын жалғастырып, қазақтың рухани болмысын сомдауға мұрындық болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ халқы, ең алдымен, адамның рухани болмысын жоғары бағалады. «Батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық» деген қағидамен байлық пен дәулетті рухани құндылықтар қатарына жатқызбады. Осы орайда, дала заңын сақтаушы, жетілдіруші және оны жүзеге асырушы билер институты болды. Ұлы дала төсінде қалыптасқан заңдар «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті жарғы» ең алдымен, адамгершілік құндылықтарды қорғауға бағышталды.

Қазақ халқының іргетасы рулар мен тайпалардан құралғаны белгілі. Демографиялық дамуға байланысты ұсақ рулардың кірігуі, кейде ірі тайпалардың аракідік шағын руларға бөлініп отыруы, жерді ұжымдасып пайдалану үдесіне сай ортақ аумақтың тұтастығын сақтауға, шаруашылық байланыстар мен туысқандық қарым-қатынастардың беки түсуіне мүдделі еді. Ру, тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру мен ру,тайпамен тайпа арасындағы шаруашылық қарым-қатынастарды реттеп отырушы пәрменді күш - билер институты болды.

Би мәртебесі қазақ жұртында жоғары бағаланды. Халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына қанық, барынша әділ төрелік беретін алғыр, әрі сөзге тапқыр адамдарды ел арасында «би» деп атаған. Әділеттің ақ туын желбіреткен билерге қойылатын талаптарда қатаң болды. Бидің айтқан сөзі, әрбіріс-қимылы жұрттың назарында болды. Жекелеген адамның, рудың тағдырына шешім айтып, кейде өлім мен өмірді таразылайтын халықтың қалаулысы болу үлкен жауапкершілікті талап етті. Елдің, рудың шаруашылық, тұрмыстық салт рәсімін, әдеп-ғұрыптық дәстүрлері мен ережелерін, дүниетанымдық көзқарастарын жетік білуі, бұрынғы даналардың, билердің сөздерін жадында сақтауы тек билерге тән қабілет болатын. Әрине, дала заңдарының басты қағидаларын жатқа білу міндеттілік болып саналды. Сонымен бірге, елдің биі - ақыл-парасаты, таным-пайымы, шешендік қарымы,тапқырлығы жағынан ешкімге дес бермейтін алғыр болуы шарт. Бидің негізгі қаруы сөз болғандықтан, халқының мұң-мұқтажын жырмен жырлап, елдік пен бірлікті және даналықты уағыздады. Кез келген түйіннің шешімін қысқа да нұсқа айта алатын қарымды, өрелі болуы өмір талабы болса, ол қарапайым халықтан ерекше қабылеттілік қасиетімен де даралanды.

Шешен сөйлей алмайтын адам би бола алмайтын, өз кезегінде бисіз «көркем сөз де» туындамаған. Би сайлану үшін бай-дәулетті болуы міндетті болмады, ақыл-парасаты мол, иманжүректі, рухы зор, көрегенділік танытқан алғыр жандар таңдалды. Әділеттілігімен аты шығып, турашылдығымен жұрт көңілінен шыққан билер ру, тайпа, жүз аралық қарым-қатынастарды реттеп, жүйеге түсіріп отырушы ретінде қоғамдағы әлеуметтік-идеологиялық қызметті атқарып отырған. Билер – жақсы қасиеттерді бойына жинаған, әлеуметтік мәртебесі биік тұлға ретінде танылды. Би ұғымы, негізінде, елге иелік етуші, төрелік жасап, бітім-шешімін айтушы, батагөй шешен, ел бірлігін сақтаған мәмлегер ретінде қалыптасты. Содан би ұғымының ауқымы «басқару», «билеу», «билік ету» әрекеттерін де қамтыды. Халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік меңгерген, ойы ұшқыр, тілге ұста, алғыр адамдар билікке сайланып, елдің тірегі де, жүрегі де бола білді. Билер қазақ даласындағы ықпалы зор топтардан іріктеліп, жұрт алдында ашық таңдалып сайланды.

Билердің бірлікке үндеген шешімдерінің астарында ортақ іске, қауымдасып тірлік етуге деген талпыныс жатыр. Бұл ел басқарудың алғышарты десек те болады. Қазақ қауымында «Қайырлы болса, бай ортақ, жақсы болса, би ортақ» деген қағидасын ескерсек, қазақтың ұлыс болып ұлғаюына, елдігін арттырып орнығуына би-шешендердің ықпалының зор болғандығын байқаймыз. Билер институты әдет-ғұрыпты жетілдіріп, өмірден түйгендерін даналық сөздерге айналдырып қазақтың рухани құндылықтарын ұдайы толтырып отырды. Би шешімі біреудің талабымен емес, жүректің қалауымен жүзеге асты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қатаң қағида бүгінгі заманда да пәрменділігін жоғалтпады.

Жақыбай би, Шаруан апа

Қазақстанда соңғы жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихты түгендеу әрі жаңаша пайымдау бағытында игі істер жүзеге асырылуда. Дегенмен қолға алынбаған бағыттар мен зерделенбеген дүниелер әлі жеткілікті.Т. Карлгей іліміне сүйеніп«тарих дегеніміз ұлы тұлғалардың өмірбаяны» десек, қазақтың сүт бетіне шыққан каймақтары - батырлар мен би-шешендерімізді түгендеп болмай, тарихымыз толық жазылды деудің өзі артық. Сондықтан, кеңестік саясаттың шырмауында қалған, әрі мамандары тапшы арнайы ғылыми ұйымдарға қарап,қол қусырып отырмай, аталған жүкті көзі қарақты азаматтар өздері жұмыла көтерсе тарихқа көрсетілген құрмет болар еді. Мен жазушы немесе қаламгер болмасам да, тарихи таным және өлкетану мәселелеріне байланысты жинақталған тәжірибе негізінде Жаркент өңірінде өмір сүрген бабаларым туралы өз пайымдарымды ортаға салмақпын.

Менің пайымдауымша, жазушылар, қаламгерлер және басқа да ұлтжанды қалам иелерінің би-батырларымыз, жақсы-жайсаңдарымыз туралы жазған еңбектері ұлтымыздың тарихи танымына қосылар үлкен үлес. Әлбетте, ғылыми тұрғыдан барынша сараланып, екшелгендері ұлттық тарихымызды толықтырары анық. Жалпы, жаңа тарихи деректерді ғылыми айналымға ендіруге селқостық басым екені де шындық. Дегенмен, алдыңғы буын ағалардың жадында сақталған Жаркент өңірінен шыққан Жақыбай би атам туралы жиналған деректерді саралап, бағалап көпшілік назарына ұсынғанды жөн санап отырмын.

Қоғамдық қажеттіліктен туындайтын талаптарға сәйкес, ежелден қазақ қауымындағы билер халықтың қалауымен сайланғаны ата тарихтан белгілі. Тектілікті қастерлеген қазақ қоғамы, би болатын адамның текті атаның тұқымынан болғанына зор мән берді. Әлбетте, ата тегі жақсылар тұқымынан берілген өнегелі істері мен ізгі қасиеттерін рухани құндылық деңгейінде бойына жинақтауы және осы даналықтарын ел-жұртының мұң-мұқтажына бағыттауы заңдылық болатын. Ілгеріде билер институты мұрагерлік заңына да негізделгені туралы мәліметтер де кездеседі. Ш.Уәлихановтың зерттеулерінде «Би» атану үшін ру, тайпалардың үздік өкілдері халық алдында шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетін алғырлығымен, тапқырлығымен танылуы шарт болғанын және «би» атағы ру арасынан шыққан түрлі қоғамдық істерді шешудің тәжірибесі арқылы тапқан жеке басының беделіне байланысты екеніне мән береді. Билік жүргізудің хандық институтына қарағанда, халықтың өзі тарихи қалыптастырған демократиялық басқару тұтқасы ретінде бағалы екенін жазады.

Осы зерттеу пайымдарды бағдарға алып, Жақыбай атамыз туралы ұрпақтарының жадында сақталған, ел аузында айтылып жүрген әңгімелерді жүйелеп, сол алмағайып дәуірде халқына қызмет еткен, еліне билік жүргізген атамыздың тағылымды өмірін зерделеуді өзімнің перзенттік парызым санадым. Ал, енді біз жазып отырған - Жақыбай би туралы танымдық әңгіменің негізі өзінің тұңғышы Нұрғали ақалақшы, кенже ұлы Мырзахан атам, Суан елінің беделді ақсақалдары - Ибрагимов Зейнел, Мыржықбаев Қалмақбай және басқада қариялар, әкем ӘдепханТөреханұлының «Жапырақ жайған бәйтерек» атты жазба еңбектерін басшылыққа ала өрбиді.

Жақыбай атамыз 1866 жылы Жаркент өңірінде Суан тайпасының «Бес Мұратына» би болған Салпық бидің отбасында өмірге келіпті. Әкесінің толысқан кезі «ел ағасы» жасында өмірге келуі Жақыбай атамыздың азамат болып қалыптасуына оң ықпал тигізгені анық. Атамыз ес білгеннен бастап Суанның жақсы-жайсаңдарын көріп, олардың салиқалы, ғибратты әңгімелеріне жастайынан қанық болып өсті. Бес Мұратқа би болған, кезінде керуенбасшы болған, мәмлегерлік қызмет атқарған, арғы бетте Үкірдай лауазымын алған Салпық бидің ұйымдастырушылық қарымына орай араласатын ортасы көп болғаны өмір заңдылығы еді.

Жақыбай атамыз «қырықтың бірі қыдыр» дегендей сол жақсылармен араласып, олардың жақсы қасиеттерін жанына азық етіп,жасынан шешендік өнерге бейім болыпты. Сондықтан болар, Жақыбай атамыз әкесінің билік жолын абыроймен жалғастырған екен. Ақсақалдардың суыртпақтап айтқан сырларынан ұққаным, әке әрқашан балаға сыншы емес пе?!... Салпық бабамыз балаларының қабілетіне орай - «алдында айбар қылар ағасы бар, артында сүйенер інісі бар, билік ортаншы ұлыма лайық» деген ұстанымды өз кіндгінен тараған ұрпақтарының санасына мықтап сіңдіргенге ұқсайды.

Салпық бабамыз өз тіршілігінде Әтікей батырдың әпкесі Үния анамыздан - Тәшман, Жақыбай, Кенжебек деген үш ұл сүйгені белгілі. Әулеттің үлкені ретінде мал-жанға Тәшман атамыз бас-көз болыпты. Кенжебек атамыз жылқыға жақын болыпты да, әкесінің жүйрік аттарын бәйгеге баптап қосады екен. Талдықорған өңірі, Ақсу ауданына қарасты Қаракемердегі Тұрысбек болыстың үш жүздің басын қосқан үлкен тойында аламан бәйгенің бас жүлдесін алған Салпық атамның «Аққоян» деген атына мініп шапқан бала осы Кенжебек атамыз. Жақыбай атамыз болса жасынан сөзге шешен, ойға жүйрік, жан-жақты өнерлі болыпты. Абыз қариялардың айтуынша, домбыраның құлағында ойнаған күйшілік өнерімен де көпке танылған. Ауыл арасында ән айтып, айтысқа түсіп, жорға мініп, жосылтып жүргенді ұнататын жігіттің серісі болған көрінеді.

Әдетте, қазақ қауымында адамның бітім-болмысымен қатар, бойындағы жақсы қасиеттерін бағалап «сегіз қырлы» деп сүйсінеді. Суанның ел – жұртқа беделді қариялары Жақыбай атамызды «сегіз қырлы» жігіт болған дейді. Суан тайпасының Мырзакелді руы Салпық бабамызды «Апахан» деп атаса, баласы Жақыбай атамызды «Би» деп атап кетіпті. Ауыл адамдары Жақыбайды «Би аға» десе, келіндері «бидің ауылы» деп, ізеттілік танытатын. Ауылдың данагөй ақсақалдары әңгіме барысында Би атаң өз дәуірінде жігіттің сұлтаны еді деп мақтайтын. Көбіне, «сегіз қырлы» деп жігіттің әншілігін, шешендігін, өнерпаздығын және басқа да жақсы қасиеттерін айтып жатады. Менің түсінігімде, «сегіз қырлы» деген сөз көп мағыналы ұғым. Ел аузына іліккен жігіттің бойында ерекше ақыл-ой мен зерек зерде тән болса, оған келісті келбеті мен өнерпаздығы сән берсе, сонда ғана, «сегіз қырлы» деген ұғымның болмысы айқындала түседі. Жігіттің әр қыры айналасына әр алуан сырын жарқыратып, болмысын әспеттеп тұрады емес пе..?!. Келбеті көз тойдыратын келісті, жүрісі әсем, отырысы ерекше, өнері жан-жақты, сөйлесе елді ұйытатын, тапқыр әзілдерімен халықтың көңілін сергітетін, рухани жандүниесі бай адам ғана көпшілікке танымал болатыны белгілі жәйт. Жақыбай атам туралы айтқанда, менің көз алдыма өзіндік қасиетімен ерекше әсерге бөлейтін осынау суреттер елестейді.

Бойына сөз қуаты дарыған Жақыбай атамыз шаруаға да өте мығым болған екен. Әкесі Салпық бидің дәулетін үдетпесе, бәсеңдетпепті. Қимылы ширақ, шаруаға да епті болған. Әсіресе, жер ыңғайын жақсы білген, әр малдың ыңғайына орай жайылым-өрістерін белгілеп, жыл мезгіліне сай қоныс жаңалап, ауылының мал өсіруін өзі қадағалап отырған. Әр қазаққа тән, атқа деген ынтығы ерекше болған дейді. Атадан балаға берілген дарын болар, бойында атбегілік қасиеті болыпты. Жақсы ат болатын жылқыны құлын кезінен қалт жібермей танитын сұңғылалығы және бар. Сондай-ақ, атты баптап мінетін кінәмшіл болған дейді. Ауыл арасына мінетін жүріскер аты, көкпарға салатын ұшқыр аты мен тақымға басатын белді аты үнемі кермеде байлаулы тұрады екен. Тойға және билікке барғанда мінетін жорға мен жүйрік аттарын әрдайым мініске дайын ұстап және де бәйге аттарын құр аттармен бірге таудың басына соны жайылымға бірге жайған. Бұл ұстанымды ешкім бұзбай, «Биекең айтты, орындаңдар!» дейді екен.

Жақыбай атамның атбегілік өнеріне тоқталғаным, қазақ қауымында жылқы байлық белгісі, әсемдік символы, қазақ өнерінің (көкпар, қыз қуу, бәйге, жорға жарыс, жамбы ату, күміс ілу және т.с.с.) кіндігі саналған. Сонымен қатар, жылқы қазақ қоғамындағы билікті бекітуші құралы және қозғаушы күші ретінде қарастырылған. Мысалы, ертеректе қазақ билігінде, иен далада ұсталған ұрының атын алып, өзін жаяу қалдырып кеткен. Бұл ұрыға қатысты ауыр жаза болып саналған.

Қазақ ежелден «жылқы – малдың патшасы» деп құрметтеген, әсіресе, жан серігі ретінде «аттың жолдысы жігіттің жолын теңейді» деп ерекше сеніммен қастерлеген. Қазақта құрметті қонақтарды қарсы алғанда алдынан салтанат құрып атпен шығу, сауын айтылған үлкен тойларда жорға атпен ас мәзірін ұйымдастыру әдет-ғұрыптары болған, осы ғұрыптарда символдық нышан бар. Мысалы, Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған салтанатты шеруді генерал Г. К. Жуков ақбоз аттың үстінде қабылдаған. Жалпы, қазақ ұғымында жылқы азаматтың мерейін асыратын, сал-серілік пен сәнділіктің шырайын келтіретін текті жануар болып есептелген. Жақыбай атам әкесінің жақсы ат мініп, жүйрік ұстап, билік құрғанын көзімен көріп, қазақтың осындай тамаша әдет-ғұрыптарын бойына сіңірген дегдар жан болыпты.

Дегенмен, атбоз және атбегілік қасиет қанмен берілген болар. Салпық бидің «Аққояны» үш жүзге аты шыққан ат болса, «Сарбауыр» аты Суанға әйгілі болғаны әлі ел аузында. Жақыбай атамның Жирені мен Желдіқарасы Мұқа болыстың Бөртесі, Кебебайдың Қарасы, Жанғазы болыстың Құрбақаны сияқты Суанға белгілі аттармен қатар аталады. Жасынан ерке өскен, серілігі басым Жақыбай атамыз өмілдірік пен құйысқанын төгілдіріп, күміспен апталған ерерттеп жорғасын жосылтып, жүйрік атын көсілтіп мінгенді ұнатқан екен. Атамның: «Ат та адам сияқты есті жануар, арығында қамшы салдырмаса, семізінде үрікпесе, аттың жақсысы сол» деген сөзі «Көктал» совхозында зоотехник болып қызмет атқарған жылдары кәдеге жарады. Өмір тәжірибесінен алынған осы түйінді сөзді атадан қалған асыл мұра десем де болар.

Жаркент өңірінің абыз ақсақалдарынан естіген әңгіме ауанында Жақыбай би ойы өрелі, сөзі дуалы, оралымды ойын төгілген жырмен жеткізетін шешен болған дейді. Жақыбай бидің ерекше болмысы - болжамы айқын көсемдігі /көрегенділігі/ мен ойға ұшқыр зерделік қасиеті екен. Жасынан әкесі Салпық бидің қасына еріп жүрген Жақыбай атамыз елдің тарихына терең бойлап, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы меңгеріпті. Сондықтанда, адамның болмысын, мінез-құлқын бір көргеннен танитын кәнігі қасиеті болыпты, өзіне тән байқағыш, шапшаң мінезіне орай істің шешімін дер уақытында тез шешеді екен.

Қадым заманнан ағайын арасындағы, ру ішіндегі, ру аралық келіспеушілікке шешім айтатын «қос ағасы», «ауыл ағасы», «ел ағасы» аталған төрешілер болған. Осылардың ішінен заңды күші бар, кесіп шешім айтатындарды халық «би» санады. Осы дәстүр рулық деңгейде жеке адамның қадір-қасиетін, оның рухани күш-қуатын анықтауға мүмкіндік берді. Тайпа ішінде танымал, кең тараған рулардың ықпалы зор болғаны мәлім. Билер, ең алдымен танымал рулардың арасынан шыққан. Өз кезегінде, рулардың ықпалы жекелеген билердің қарым-қабілетіне, беделіне тәуелді болғаны да тарихи шындық. Осы тұрғыдан, Суан тайпасындағы «Бес Мұратқа» билік айтқан Салпық бидің баласы Жақыбай би Мырзамкелдінің Туматай тармағына билік жүргізген дейді көнекөз ақсақалдар. Салпық бабам да, Жақыбай атам да Мырзамкелді руының беделін асқақтатпаса, сөз келтірмеген. «Би ауылы» деген атаққа ілінуі де елге сыйлы болғанына куә.

Әлеуметтік мәртебесі биік болғандықтан Жақыбай атамыз Жаркент өңіріндегі көреген әрі данагөй адамдармен жақын араласты, солардың жақсы қасиеттерін бойларына жинап, жаңалықтарын қабылдап, талабын шыңдап, таным-пайымын ұштап отырды. Көппен араласып, жақсы-жайсаңдармен сырлас болып, ел ішіндегі тәжірибелерді жинақтады. Өйткені, әділдікпен шындыққа жету, адамдардың ар-намысын қорғау барысында бидің білімді, әрі білікті болуы басты шарт екенін жасынан біліп өсті. «Халқына дана, еліне пана болған» әкесі Салпық би «Елге бай құт емес, би құт» деген ұстанымды көкірегіне ұялатқаны анық. Әкесінің қасына еріп жүріп, өзін-өзі ұстаудың, елді тыңдай білудің қыр-сырын меңгерді. Тапқыр шешімдер мен алғыр амал-әрекеттерді көкейіне тоқып өсті. Биге деген сенімнің ел басқарған басшының әділеттілігіне деген елдің ілтипаты екенін көріп-біліп ер жетті. Бидің салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа жетік, әрі адал болуы және адамгершілік талаптарға да ұқыпты болуы ғана оның би мәртебесін дәріптейтінін көзімен көріп өсті. Қазақ ұғымында «әке өсиетіне адалдық» деген жақсы ғұрып бар. Салпық бидің «Жігіт бақыты» деген шешендік сөзінде /Ә. Төреханұлы «Еңкеймеген еменнің бұтақтары, 2007/:

Елім деп еңіреген,
Жерім деп еңіреген,
Намысын айға білеген,
Екі сөйлеп еңіремеген,
Шатастырып алмайтын,
Алтынды темірменен.
Дәстүрін салмақтаған,
Өнерін өрге тартқан,
Осындай жігіт өмірден бақыт тапқан, - деген жыр жолдарын Жақыбай атамыз өмірлік қағида ретінде ұстанған.

Жақыбай атам көнекөз дана ақсақалдардың көзін де, өзін де көрген, солардан тәлім алуға мүмкіндігі болған бақытты адам. Суанның бас биі атанған Қожбанбет би, «жаңылғаным бар, ал біліктен

жаңылғам жоқ» дейтін Суанға әйгілі Шәнті би, нағашысы Әтікей батыр, Суанның жақсы-жайсаңдары Стамшал /Исламшал/ болыс, Мұқа, Жанғазы болыстар Жақыбайдың әкесі Салпық бабамызбен етене араласқан жандар. «Ұлылардың ұлылығы дарымаса да, жылылығы дариды» деген қазақы нанымға сүйенсек, Жақыбай атам осы Суан тайпасының мәртебесін асқақтатқан, елінің ерекше құрметіне бөленген ақылман ақсақалдардың өнеге-тәліміне сусындап өскені шүбә келтірмейді.

Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақ қоғамындағы билердің орны, олардың жеке басындағы қасиеттеріне байланысты болғандығына мән берген. Жақыбай атамызды көрген көнекөз шежіре ақсақалдардан естіген әңгіме сарыны, Жақыбай бидің көбіне, ағайын арасындағы салт-дәстүрлерге қатысты келіспеушілікке, дәулеті жүріп, малы көбейген ауылдың жайылым аясын кеңейту және құн төлеу сияқты мәселелеріне қатысты айтқан бітім-шешімдерінің есте сақталғаны.

Ел аузында айтылатын бір әңгіме, ағайын арасындағы келіспеушілікке байланысты өрбиді. Суанның үлкен-кіші, жақсы-жайсаңдары Стамшал болысқа аттанады, сол топқа жасы кіші Жақыбай би де ілескен екен. Олар Стамшал болыстың есік алдына келгенде: «Қожбанбеттен соң, үйге кім кіреді?» деген сауал туындайды. «Менің жасым үлкен», «мен бимін», «менің жолым үлкен» деп әркім өз уәжін айтады. Сонда Жақыбай атамыз: «Әдетте, жол жүріп келген жолаушының аты мамағашқа байланып, өзі үйге кірмеуші ме еді?» деген сөзбен тығырықтан жол тауыпты деседі.

Мыржықбаев Қалмақбай ақсақалдан естіген әңгіме бойынша Мырзамкелді руының іргесі кеңіп, мал-жаны көбейіп, иемденген жайлауы ұрпақтарына тарлық жасапты. Сонда Жақыбай атамыз билік айтып, Белжайлаудың орта шенінде солтүстіктен оңтүстікке созылған ұзын жота «Бел» кезеңінің солтүстік қапталында орналасқан «Майлытөбе» шоқысын Мырзамкелді руының үлкені Үмбет тармағына белгілеп беріпті.

Осы биік шоқыға, жаңбыр кезінде көлікпен көтерілу қиын болғандықтан, малшылар кеңес дәуірінде «Итшоқы» деп атап кеткен. Жақыбай бидің сондағы айтқаны: «Жер нәсібі – ел нәсібі. Жер мен малдың кіндігі бір. Құдайға шүкір, Белжайлау кең, жер Суанның бар ұрпағына жетеді» деген екен. «Ел байлығы жерінен табылар, малы, жаны өскен Үмбет ұрпағына қойнауы кең «Майлытөбе» жотасын жайлауға берейік, «малы бөлінгеннің берекесі кетер» деген, осы кең қойнауды бөлмей-жармай осылар алсын», - деген кесім айтыпты.

Осындай әділ шешімімен елдікті сақтап, туыстардың қауымдасуына ұйытқы болыпты. Ағайын-туыстың ынтымағын алыстан ойлаған би атамыз, ертеректе қабылданған шешімнің көне шебін осылай даусыз бітістіріпті. Осы шешімнен жер ауқымына орай ел қамын барлаған би атамыз өзінің ой ауқымының кеңдігін байқатады.Сонымен, Мырзамкелді бабамыздың үлкені, әрі өсімі мол ұрпағы Үмбеттер /Кебенек/ Белжайлаудың жері құйқалы, өрісі кең малға жайлы қонысы «Майлытөбені» иеленіпті.

Майлытөбе жотасына байланысты шешімнен, менің пайымдауымша, аталарымыз жерді – өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы ретінде бағалағанына куә боламыз. Жайылымды иелену, негізінен, малға иелік ету емес, жерді меншік етіп алуды көздеп отыр. Осы шешімде жерді ұтымды пайдалану, ағайындардың бірлігін біріктіруші күш ретінде қарастырылған. Мал қамымен өрісін күйттеген елдің санасын бірлікке қазық етіп, мал өсімін жандарына азық етіп, рудың ұйысуына ұйытқы болды. Әрине, рудың ұйытқысы – ағайын арасындағы бауырмалдық, ел бірлігі және бабаларға тағзым ету әдебі екені хақ. Осындай ынтымақтың арқасында қазақ қауымы бабалар жайлаған өріс пен қоныстың ізінен адаспай туған жер төсінде мекендеген. Бір-бірінен көз жазбай, көңіл суытпай тірліктерін түзеген. Міне, ынтымаққа ұйыған қазақы болмыс.

Тарихқа зер салсақ, Жақыбай атамыздың билік дәуірі Жаркент өңірінде ауқатты, озық ойлы адамдар егіншілікке бет бұрған, малын күйттеген қазақы тірліктің қалалық мәдениетпен түйісу тенденциясы орын алған кезеңге дәл келеді. Жақыбай атамыз әкесі Салпық би бабамыз бастап кеткен егіншілік кәсібін дамытып, сауда көрігін қыздырып, «Жібек жолы» белдеуінің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, өркениет көшінен қалмауға барлық күш-жігері мен ақыл-парасатын бағыттағаны анық. Дегенмен, мал өсіруге көңілі көбірек ауған екен.

Жақыбай бидің кенжесі Мырзахан атамның айтуынша, атасының ұстанымы: «Мал өсіру ата кәсіп, әрі бабадан жеткен асыл мұра атамекен жерімізді иелену» дейді екен. Егін еккенде дер уақытында жер жыртып, дән егіп, суын беріп, мерзімінде жинап аларсың. Егіншіні жалдайсың, ақысын бересің, бұйырған өнім сенікі. Ал, мал кеудесінде жаны бар төрт түлік, одан өнім алу үшін қас-қабағына қарау керек. Малды жанын беріп, бар ынтасымен бақпаса, малшы ғана жұтамайды, бай да кедейленеді. Байдың берекесі кетсе, елдің ерніне тиетін ырызғы да азайады. Өйткені, мал байдың меншігінде болса да, өнімі тұтас рудың немесе ауылдың игілігі болып табылады» дейді екен.

Жақыбай атамның осы тұжырымы, шындығында, қазаққа тән ойлау жүйесінің сарынын айғақтап тұр. Тағы бір сөзінде: «Бай малының қасында болады, диқан егінінің басында болады» деген, диқан өскен егінін көреді, ал бай малының ыңғайымен жыл бойына төрт мезгіл қоныс жаңартып, табиғат аясында тыныстап, жер шарлайды, ел аралайды, көретіні мен ойға түйетіні мол болады. Сондықтанда, мал өсірген адамның ой-өрісі де бай болады дейді екен.

«Малды байлық деме, ырзығы сенде емес, жерде болады. Тексізді туыс деме, келтірер қырсығы елге болады» деген нақыл сөзімен жердің негізгі өндіріс күш екенін меңзейді. Елдің, ердің қасиетін бағаламаған адамның тексіз болатын белгілі, осындайда жақсының парқын ажырата алмаған жанның елге қырсығы тиетіні, ондай жанға сенім артуға болмайтынын қысқа да нұсқа ұйқаспен ұтымды жеткізген. Жақыбай атамның осындай ойын баптап, сөзін саптап айтқан шешендік сөздерінің кейбірі ғана есте сақталды. Бозбала кезімізде ақылман, шежірешіл ақсақалдардың айтуымен есте қалғанын қағазға түсірдік, қаншасы еске түспеді. Бойын баптап, ойын өсіруге ұмтылған қазақпыз. Адам адал еңбегімен, маңдай терімен ғана адам өмірдегі өз орнын табады. Жақыбай атам өмір сүру үшін шешуші күш еңбек екенін: «Малды баға алмасаң, жерге өкпелеме, еңбек етпесең, елге өкпелеме» деп тұжырымдаған екен.

Көнекөз қариялардан естіген әңгімелер, көбіне, ағайын арасындағы татулықтың аясында өрбиді. Әрине, ел арасының тыныштығы, туысқандар татулығы, ағайын арасындағы жарастық тынымсыз тірліктің өзегі. Ру, руға тармақталып тіршілік еткен бабаларымыз, ел бірлігін қамдастыруға ұмтылғанымен, ағайын арасында түсініспеушілік жиі болған. Осындай кезекті бір кикілжің де, Белжайлау төрінде /Ай мен Үркердің тоғысатын мезгілі екен/ Жақыбай би екі рудың арасындағы / ру аттарын атауды жөн санамадым/ араздыққа мынандай билік айтқан екен: «Уа, ағайын! Біреуің түнде жарқыраған айдай Суанға белгілі болсаңдар, бірің Үркердей ұйысып тынымды тірліктеріңді жасап жүрсіңдер. Жер біздікі емес, Алланікі. Бізге өмір сыйлаған Алла, бізді алып кетем десе де өз құдіретінде. Тәңірге табынған халықпыз ғой. Көк күмбез кеңістігінде тұрған Ай мен Үркер де қауышып қойындасады /тоғыс ұғымы/, Алла берген жерді басып жүріп, біздің осылай араздасқанымыз ұят болар. «Ертең - тоғыс, болмасын соғыс, Араздасу - бұрыс, болмасын тұрыс» көкте Ай мен Үркер қойындасқанда, жерде тәңір жаратқан бір атаның екі баласы сендер де қауышыңдар» деп дуалы сөз айтқан екен.

Жақыбай атам, әкесі Салпық би өмірден озған соң ұғым-түсініктер қайшылыққа ұшыраған алмағайып заманда өмір сүрді. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлер жүйесінің сабақтастығы әлсіреді. Мәдени жаңару деген желеумен салт-ғұрыптар, қазаққа тән әдеп-әдет қағидалары ескіліктің көзі ретінде қарастырылып, ұлттық болмысымыз өзгеріске ұшырады.

Ағайын арасындағы алауыздықты жойып, бірлікке ұйыстыру, бабалардан мирас болып қалған жерлерімізді, әсіресе, жайлауымызды берекесін кетірмей ұтымды пайдалану үшін сөз өнерін, яғни шешендікті қару ете білу – үлкен адамгершіліктен туғанын осы әңгімелерден анық байқалады. Алмағайып кезеңде ауылды ыдыратпай, әр адамды икеміне орай ауыл мақсатына сай, әрі орынды қолдана білгені де көрегенділік еді. Дер кезінде шешімі табылмаса, ауыл берекесінің кететінін жақсы түсінген Жақыбай биден қалған «Ауылдың іргесі кеңісе – құт, еліңнің іргесі сөгілсе –жұт», «Бермесең алыспайсың, бармасаң алыстайсың» деген аталы сөздері өмір тәжірибесінен туындағаны хақ. Даналық сөздері дәстүрге сүйеніп, әдет-ғұрыппен біте қайнасқан көркем үйлесімділікпен өрілген. Мақалдап айтса да, өлеңмен жеткізсе де сөздерінің астарында терең мағына, өмір пәлсапасы жатыр.

«Өткеннің бәрі – өмір сабағы» дегендей өмірден көргені мол Жақыбай атамыз тектілік сабақтастығын таза ұстауға ұмтылған. Елінің асылы мен жасығы, жаманы мен жақсысы арасындағы парықты айқындауға ерекше мән берген. Жақыбай атамыздан Тұтқабек, Нұрғали, Ерғали, Төрехан, Мырзахан, Зәуре, Күлжәмила деген ұл-қыздар туады. Үлкен қызы Зәурені Дуан руынан шыққан Кенжебек болысқа беріпті. Екінші қызы Күлжәмиләні Албан руының Алжан тармағынан тарайтын Қайранбай болыстың баласы Әзікенге ұзатыпты. Өзінің ұлдары Нұрғалиға қоңыр бөрік Қастекбай қажының баласы Кожахметтің қызы Бибіажарды, Ерғалиға Ақша руының мықтысы, әулие атанған Балпық бидің күйеу баласы Башықтың баласы Болатай қажының қызы Мариямкүлді алып берген. Башықтың үлкен баласы Әуелбектен тарайтын Метербай атамыз үш рет қатарынан болыс сайланған адам болған.

Жақыбай атамыз Салпық бидің «Бес Мұратқа» би атанып, ел билігін уысында ұстаған кезінде әкесіне еріп, Суанның жақсы-жайсаңдарымен ерте араласқаны өмір заңдылығы. Кейіннен өзі би болып, Суанның жампоздарымен /би-болыстарымен/ тығыз байланыста болыпты. Мырзахан атамның әңгімесінде: Жақыбай би болып тұрған кезде, Суанда ең мықты болыс Стамшал болыпты. Дәуірі жүріп, дәулеті дүрілдеп тұрған кезі екен, малы да жетерлік. Стамшал болыс Жалайырға барған бір сапарында жалайыр ішінде Андас Қараке болыстың інісі Бұқашбайдың қызы Бикайшаға көзі түсіп, соның қалыңмалын төлеп, тоқалдыққа алуға Қараке болыспен келісіп кетіпті.

Ауылға келісімен інісі Үмбетәліні шақырып алып, болған жәйді баяндап, көп кешікпей қызды алып келу керек екенін жеткізеді. Үмбетәлі мен Жақыбай жұптары жарасқан дос, ым-жымдары бір болыпты. Үмбетәліні біздің ауыл «Бәт аға» деп атайды екен. Қыз алуға баратын адамдар сөзге шешен, әрі өнерлі болғаны абзал, осындай оймен Үмбетәлі Жақыбай атамызды қасына қосып беруді қалайды. Бұл ұсынысты естіген Жақыбай би Стамшал болыстың өзіне: «Сіз бармасаңыз бізге қызды қалай береді, басындыңдар деп өзімізді жазаға тартар» деп базыналық жасайды. Стамшал Қараке болыспен уәдені әбден пісіріп келіскенін тәптіштеп айтып, Жақыбай мен Үмбетәлінің қасына өнерлі, епті, пысық жігіттерді қосып, болыстың ауылына жібереді. Жақыбай күйеу, Үмбетәлі күйеу қосшы боп барып, болыстың ауылында той жасатып Бикайшаны (Қайша сұлу) Стамшал болысқа ұзатып әкелген екен. Осы әңгіме сарыны Әдепхан Төреханұлының «Жапырақ жайған бәйтерек» деген кітәбінде кеңінен қамтылған. Әуелхан Төреханұлы /бұл әңгімені Нұрғали Жақыбайұлынан естіген/ жазған әңгімеде Стамшал болыс жасы келгенде өзінің болыстығын інісі Үмбетәліге өткізеді, бірақ Үмбетәлі болыстықты алып жүре алмаған соң, Стамшалдың өз баласы Жүсіпжан болыс болыпты. 1916 жыл болыс сайлауы болып Жүсіпжанның орнына болыс болып Жақыбай бидің баласы Нұрғали сайланыпты. Әрине, осы сайлаудың нәтижесіне Үмбетәлі мен Жақыбайдың сыйлас-қимас достық қарым-қатынасының ықпалы болғаны анық. Болыс сайлауына Жаркент уездік ұлт бөлімінің меңгерушісі Уәли Ықсанбаев қатысқан екен. Осы сайлаудан кейін Нұрғалидың үстінен Жақыбай өзінің баласын /Нұрғалиды/ ұлықтарға пәре беріп сайлады, әйтпесе оның жасы болыс болуға толған жоқ деп бірнеше арыздар түскен екен. Осы кезеңдерде кеңес үкіметі орнап, бай мен кедейді теңестіру, ұжымға біріктіру, бар малды ортаға салу, ауылдың ықпалды адамдарына «бай», «құлақ» деген атақ тағу етек алып, халықтың жаппай күйзеліске ұшырауы басталыпты.

«Адамның басы, Алланың добы» деген орашолақтау сөз бар. Кеңес үкіметі орнағанда алдымен ауқатты адамдарға шүйліккені белгілі. Байыбына бармай, би-болыстарды ішқысастықпен «кедейлердің қас жауы, кеңес үкіметіне теріс пиғылдағы адам» деп даурыққан жандайшаптар көбейіпті. Ол аздай тұмсығының астындағыны көрмейтін, ойы таяз, әпербақан шолақ белсенділер де осы дүрмекке қосылыпты. Осындай нәубет Жақыбай атамыздың басына да келіпті. «Өмірдің көбі кетіп, азы қалды» деп ақын жырлағандай Жақыбай атам осы кезеңде пайғамбар жасына келіп қалған екен. Итжығыс, аласапыран кезеңде басына түскен ауыртпашылықты ерлікпен қарсы алып, ауылының бірлігін ойлап, ағайындарға ақыл айтып отырады екен, дегенмен, ел билігі уысында болыпты. Әрине, ел арасында жүріп жатқан ұсақ-түйек, күңкіл әңгіме жүйкесіне тиген де болар, дегенмен сыр бермейді екен. Кезекті бір әңгіме кезінде, сол ағайындарға қаратып айтқан өлеңін Мырзахан атам жатқа айтып отыратын. Есімде сақталған өлең жолдары:

Ұлы менен қызы сай,
Жайсаңдармен жарысар.
Аты менен тоны сай,
Дәулетімен толысар,
Жомарт болса пейілі,
Ағайынға болысар.
Болашақты ойлаған,
Жан-жағымен танысар.
Оған қолы жетпесе,
Отбасында қабысар», - деп келеді.

«Қабысар» деген сөздің мағнасын сұрағанымда Мырзахан атам: «балам-ау, аш иттің іші қабысады» деп күрсінді де, жалпы Жақыбай әкем, шынымен, қырықтан асқан соң өмірдің шыжығын бастан көп кешті» деп әңгімесін жалғады.

Осы тұста Жақыбай атам «қырық жыл байлық болса, қырық жыл жарлық болар» деген сөз айтқан екен. Оның мәнісін: «адам жас кезінде, яғни қырыққа келгенше күш-қуаты бойында, сауық-сайран құрып, қызық өмір сүреді.Қырықтың қырқасынан асқан соңадам шау тартады, жас кездегі қызуы басылып, енжарлыққа бой ұрады, денсаулығы сыр бере бастайды. Сонымен, жас кездегі қызығы мол өмір байлық болса, егде жастағы әуресі көп өмір, жарлылық емес пе» дептүсіндірген екен. Мысалы, патшалық Ресейдің солдат алғаны, салықты көбейтуіелге ауыр тиді, кеңес заманы келгенде «етектегі бит өрмелеп басқа шықты», осының бәрі атамның жүйесіне әсер еткен болар. Аллаға шүкір, Салпық би бабамның басына түскен ауыртпалықтан, атамның басынан кешкені әлдеқайда жеңіл. Уақытта тұрлау жоқ, ең бастысы, кәзіргі таңда, Салпық атамнан тараған ұрпақ 200-ден астам түтін /отбасы/ болды» деп отыратын Мырзахан атам /бұл 1995 жылдары/.

«Сөзіне қарап адамның өзін, ісіне қарап кісілігін танимын» деген Жақыбай атамның көрегенділігі сол, барлық балаларын жастайынан оқуға беріп, еңбекке баулып, барлығының қызметке тұруына үлкен ықпал етіпті.Кеңес дәуірінде орысша оқып, білім алған Нұрғали Жақыбайұлы Жаркент уезі аңшаруашылығының / Охотсоюз/ бастығы болса, Ерғали Жақыбайұлы аудандық жастар ұйымының (аудандық комсомол комитетінің хатшысы) басшысы болған екен. Ел аузында Шікімі аталып кеткен жер, біздің атақоныс «Жылбастаудың» өргі тұсында қоныс тепкен. Шікімі деген «школа крестьянской молодежи» деген атаудың қысқаша айтылуы, осы шаруа-кедей мектебіне /ШКМ/ Ахмет Байтұрсыновтың есімін беруді ұйымдастырғандардың бірі Жақыбай атам екен /Ә.Төреханұлы «Жапырақ жайған бәйтерек»/.

Жақыбай атамның ел аузында кең айтылып жүрген ізгі істерінің бірі әкесін соңғы сапарға аттандыру рәсімі. Мырзахан атамның айтуынша, Жақыбай атам Салпық бидің жаназа намазына келген жұрттың аяғының астына жібектен жайнамаз төсеген екен. Келесі жаз мал жайлауға шыққанша әкесінің қонысы «Салпық сазында» бие байлатып, Құлжадан ұсталар /шеберлер/ алдыртып, әкесіне қыш кірпіштен күмбез көтерген екен.

Ел жайлауға қоныстанып, сары жұрт болғанда Жалайыр, Төре, Қаңлы, Албан және Суанның жақсы-жайсаңдарына сауын айттырып, әкесі Салпық биге ас беріпті. Бұл ас ұлан-асыр той дәрежесінде өтіпті. Аламан бәйге, жорға жарыс және басқа да ұлттық ойындар тамашаланыпты. Астың өткен жері атақоныс «Басатқарағай» жұртына қарама-қарсы жатқан бетегелі жазық беткей «Ақтасты» екен. Ақтастыда ас етін қайнатқан тай қазандарға қазылған ошақтардың сілемі әлі сақталған. Кеңес кезінде осы жазықта жылда жазда малшылардың жылдық бас қосу жиыны /слёт/ өтіп жүрді. Көнекөз ақсақалдардың айтуынша, осы ас Белжайлау төрінде берілген ең үлкен, әрі соңғы ас екен. Шындығында, қазақ қауымы үшін қиын кезеңдер алда еді. Патшалық Ресейдің қазақтардан әскерге солдат жинауы, салықтың мөлшерін көбейту, онан соң кеңес үкіметінің орнауы осы қиыншылықтар елге төнген нәубет еді. Осы тұста қазақтың ауқатты адамдары көзге ілініп, кейбірі қудалауға түскен кезі басталған.

Жақыбай атам, әкесі Салпық би өмірден озған соң ұғым-түсініктер қайшылыққа ұшыраған алмағайып заманда өмір сүрді. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлер жүйесінің сабақтастығы әлсіреді. Мәдени жаңару деген желеумен салт-ғұрыптар, қазаққа тән әдеп-әдет қағидалары ескіліктің көзі ретінде қарастырылып, ұлттық болмысымыз өзгеріске ұшырады. Осы кезеңдерде, бұл арпалыс кезеңі еді, халық шын жол көрсететін адамдардың кім екенін, кімнің сөзіне құлақ асу керек екенін ажырата алмай әлек болды. Ел ішінен суырылып шыққан, дара тұлғаға тән оқшау қасиеті бар адамдар қоғамда еленбей, оқшауланды. Адамдардың бәрі бірдей деген ұғым аясында жалпылама сипат белең алды. Қоғам жаман мен жақсыны айырудан қалды.

Осындай қиын кезеңдерде, Жақыбай атам ата-анаға, бауырларға, ағайынға, ел-жұртына, ұрпақтарына деген сүйіспеншілігін, адалдығын әсте естен шығармады. Басты мақсаты елін бірлікке үндеп, бабалар аманатын сақтау болды. Ел амандығы, жер аманаты, ата салтын сақтау, әдет-ғұрыпты жоғалтпау, ұлтын сүю бабалар аманатының бір парасы ғана. Ұлтын сүю, әрине, ата-анасын сүюден басталады. Өз отбасыңды, өз әулетіңді сүйе алмасаң, өз жұртыңды сүйе алмасаң, өзге жұртты қайтіп сүйесің? Өз балаңды тәрк етіп, өзгенің баласын қайтіп құшағыңа аласың? Осыны түсінген Жақыбай атам, жеті атасын білу, туған жерін, атамекенін құрметтеу, ел-жұртының тарихын білуді ерекше назарда ұстаған. Ол кісінің ұстанымы: «өз ел-жұртын жақсы білген, оны етжүрегімен сүйе білген адам ғана, басқа елге құрмет көрсете алады» дейді екен.

Әжем Мәриәмкүл Болатайқажы қызының әңгімесінде, біздің бабаларымыз, мысалы, Салпық бидің Албанмен, Жалайырмен құда болуы, нағашымыз Башық бабамыздың әулие атанған Жалайыр Балпық бидің қызын алуы, бабаларымыздың Найман Қаракерейден қыз алуы тектіліктің сабақтастығын үзбеу деп отыратын. Себебі, «күйеу жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген сөз бар. Күйеу жүз жылда өмірден өтер, бірақ құдамен туыстық қатынас жалғаса береді. Ұрпақтар «біздің нағашымыз» деп мақтан тұтады немесе «ол біздің жиен» деп сүйіспеншілікпен қарайды. Қалай қарасаңда, туысқадеген ілтипат бар, туыс екені көңілге демеу. Мысалы, біздің ауыл Жалайыр елін нағашыларымыз деп мақтаныш тұтады, Қаракерекей Қабанбайдың жиеніміз деп кеуде кереді. Бұл қазаққа тән болмыс. Жақыбай атамның ұрпақ жүрегіне салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты сіңіріп, балаларына жақсы жерден келін алуы да текті ұрпақ өсіп, әулеттің өркендеуін ойлаған мақсаттан туындаған болар. Жалпы, қазақтың салт-дәстүрі ғылыми негізделген көзқарастардың жиынтығы іспетті. «Жақсылармен бірге жүрсең, жақсының ізімен жүрсең бойыңа ізгіліктің нұры ұялайды» дейді екен Жақыбай атам. Қазақтың «басқан ізінен садақа кет» дейтіні де содан шығар деп пайымдаймын.

«Адам бойында үш қасиет ерекше жаралған, олар – дене құрылысы, жан құмарлығы мен ой-парасаты» деп ой түйіндеген әйгілі ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың тәмсілі Жақыбай бидің бүкіл болмыс-бітімінен ақпар беріп тұрғандай. Жақыбай атамның егін салып, малын өсіріп, дәулетін асырғаны, би болып ел-жұртына адал қызмет атқарғаны, өз балаларын оқытуы, ел-жұртын ағартушылыққа бұруы ел жадында «құс жолындай» жарқырап, сайрап жатыр десе де болады. Жақыбай атамның даралығы да, даналығы да қазақы әдет-ғұрыптың сабақтастығын жалғап, жаңашылдыққа бой ұрып, ой дамытып, елінің амандығын сақтауға қосқан қайраткерлігі дер едім. «Өзінен кейін жақсының сөзі қалар» дегендей Жақыбай атам айтқан қанатты сөздер ел ішінде кең таралған.

Жақыбай би тағдыры арқылы Жаркент өңіріне қатысты еліміздің тарихындағы бір сәтін, санада саралаудың орайы келіп, есте жүрген тарихи деректерді қағазға түсірдім. Мақала басында атап өткендей ұлы тұлғалардың өмірі, елдің тарихын құрайтынын ескерсек, мені қынжылтатын нәрсе, әлі де зерделенбей жатқан Жаркенттің жақсы-жайсаңдары. Мысалы, Алаш арыстарына қаржылай да, адам күшімен де көмек көрсеткен, менің нағашым Метербай болыстың атқарған игі істері қаншама? Осындай асылдарымыз зерттеліп, олардың өмірі насихатталса, тағлым-тәлімі қағазға түссе қандай мәртебе! Сонда ғана Жаркент өңірінің мәртебесі арта бермек.

Айбын ТӨРЕХАНОВ,
Жақыбай бидің шөбересі.

ДҮНИЕДЕН ӨТТІ ДӘРІГЕР

Қарға тамырлы қазақ емеспіз бе? Құдайға шүкір, басқалар тәрізді біздің де ағайын-туыс баршылық. Мұрат аға Мұхаметжанов та – сондай жақындарымыздың бірі. Бірі ғана емес-ау, бірегейі. Туысқан болғанда да тамыры өте тереңнен тартқан жегжат. Үлкен әжеміз – Анардың бауыры. Осыдан оншақты жыл бұрын кіші әкем Әкіштің келбетті кенже қызы – Кәмшатты жалғыз ұлы Ержанға алып беріп, тағы да сүйек жаңғыртқан. Ағамыздың мұндай жақындығы әрқашан жанымызды жадыратып, арқамызды Алатауға сүйегендей марқайып жүретінбіз. Туыстығы өз алдына, ақжарқын мінезін, адамгершілік асыл қасиетін айтсаңшы... Шипагерлігі қандай!? Бүкіл ауданда оның алдынан өтпеген, оның емін қабылдап, ауруынан айықпаған адам жоқ шығар-ау. Бір тәнті болатынымыз, Мұрат ағамыз олардың үлкен-кішісінің барлығының дерлік түсін-түстеп, атын-атап, еш шатастырмай танитын, ұмытпайтын. Ел-жұрттың: «Жаркентте дәрігер көп, бірақ Мұрат – жалғыз» дейтіні де сондықтан болу керек.

Әрқашан әлеуметтің назарында жүретін жайсаң жан ғой. Ана бір жылы ауылдағы ағайынның арасындағы мынандай бір әңгімеге куә болғанбыз:

– Естідің бе, Шәке, әлгі біздің Мұрат құда пенсияға шығыпты ғой..

– Ойбай-ау, Әсем тәте, ол зейнетте жүргелі екі-үш жылдан асты емес пе?...

– Не дейді?... Сонда пенсияда болса да қызмет етіп жүре берген бе?

– Әрине, жақсы басшы, білімді дәрігерді кімнің жібергісі келеді дейсің...

– Е-е, онысы да жөн екен. Отыз жасқа толар-толмастан ауданның бас дәрігері болды. Бұл саланың ұңғыл-шұңғылын терең біледі ғой, терең біледі.

– Кезінде концерттік сапармен келген кезінде аты аңызға айналған әнші Роза Бағланованың өзі оның қолынан ем қабылдап, қатты риза болыпты деседі ...

– Білмеппіз, өзі ғалым екен ғой. Әлгінде газеттен оқыдым «Медицина ғылымының кандидаты» деп жазыпты. Өткенде «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» да атанды емес пе. Мыңнан адамның біреуі ғана иемденіп жатқан атақты алудың өзі үлкен мәртебе ғой. Оған қоса былтыр ғана «Шапағат» медалімен марапатталды.

– Өте қарапайым емес пе, ондай артықшылығын білдірмейді-ау тіпті.

– Айтпақшы, лауазымынан кеткенімен бас дәрігердің орынбасары болып қалыпты деседі ғой.

– Айттым ғой, тәте-ау, ондай қадірлі кадр жерде қалушы ма еді. Жасы келсе де, жастарға көрген-білгенін үйретсін деп жібермей отырған болар.

– «Жасы келсе» дейсің ғой, жүріс-тұрысына, ширақ қимылына, нақты сөздеріне қарасаң алпыстан асты деу артық сияқты, тіпті елу де әрең қиясың...

«Халық айтса, қалт айтпайды» деген сөз бар. Сондай-ақ «Халық көзі – қырағы» дейді. Сол айтпақшы, екеуара айтылған әңгіме болғанымен, жоғарыда келтірілген диалог түгел дұп-дұрыс: Мұрат Мұхаметжанұлы Мұхаметжановтың 1969 жылы Целиноград мемлекеттік медициналық институтын бітірісімен ауданымыздың ауруханасында алғашында невропотолог, хирург, хирургия бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткені, 1978 жылғы 28 қаңтардан – 2008 жылдың 6 ақпанына дейін ауданның бас дәрігері болып қызмет атқарғаны айдай анық ақиқат. *(Одан соң аудандық бас дәрігердің орынбасары болып өмірінің соңына дейін еңбек етті.)* 1994 жылы «Қазақстан Республикасы ауыл тұрғындарының экологиялық жағдайға байланысты созылмалы жұқпалы емес аурулармен науқастану динамикасы» деген тақырыпта кандидаттық дисертация қорғағаны да шындық. Мақала басындағы диалогта дәл айтылғанындай ол осы ұзақ жылдардағы жемісті жұмыстары үшін 1977 жылы Қазақ КСР Денсаулық министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1981 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы Төрағасының Жарлығымен «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» деген атаққа ие болған. Аудандық, облыстық, деңгейдегі грамоталары мен дипломдары да жетерлік. Бұл моральдық марапаттарымен қатар материалдық ынталандыру сыйлықтары да жеткілікті.

Тоқсаныншы жылдары егемендік алған еліміздің өз мемлекеттік наградалары өмірге келгені баршаға белгілі. Бұрыннан-ақ қызметтік міндетін қашан да жоғары жауапкершілікпен қалтқысыз орындайтын Мәкең тәуелсіздік тізгіні өзіміздің қолға тиген осы жылдары тіптен құлшына қызмет етті. Бұнысы жемíссіз болған жоқ. 2005 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен мемлекет алдында сіңірген еселі еңбегі, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін «Шапағат» медалімен наградталды. Сондай-ақ «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» мерекелік медалін де Алматы облысының әкімі С.Ә.Үмбетов оның омырауына өз қолымен тақты. Одан кейін еліміздің ең жоғарғы наградаларының бірі – «Құрмет» орденімен марапатталды. Өзінің бас дәрігерлік ұйымдастырылушылық қызметін, емдеу ісін, ғылыми жұмысын тиянақты да тындырымды атқарып жүрген ол сонымен қатар ауданның қоғамдық-саяси өмірінен де тыс қалып көрген жоқ. Талай рет халық депутаттары аудандық Кеңесінің, тәуелсіздік алған соң аудандық Мәслихаттың депутаты болып сайланып, елдік мәселелерді шешуге белсене атсалысты. Бірнеше мәрте округтік, аудандық сайлау комиссияларының төрағасы, штаб бастығы қызметін қоғамдық негізде атқарып, ауданда саяси науқанның ұйымшылдықпен өтуіне ұйтқы болды. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының белсенді мүшесі ретінде де талай-талай игі істерге бастамашылық жасады. Осындай орасан зор оралымды істері оның «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атағын алуына ықпал етті.

Білімді маман, білікті басшы, санасы сергек, саяси ұстамды, ақыл-парасаты жоғары Мәкеңді аудан жұртшылығы сонымен қатар өнегелі отбасы иесі, аяулы әке, ардақты ата, туған-туыс, құда-жегжаттың қадірменді қариясы ретінде де қашан да құрмет тұтты.. Жұбайы Тұрахан Омарқызы Дүйсенова - ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен байырғы мұғалім. Үлкен қызы Раушан - Алматы қаласындағы №12 орталық қалалық клиникалық ауруханаының акушер-гинекологы. Кіші қызы Лаура – Панфилов көп салалы ауданаралық ауруханасының және «Дауа» дәрігерлік орталығының УЗИ дәрігері. Ұлы Ержан – ПКВП «Нұр жолының» бас маманы. Келіні Кәмшат Әкішқызы – «Мейірім» Жаркент арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының әлеуметтік маманы. Айғаным, Жомарт, Гауһар, Данеля, Мадияр. Айдана, Марлан, Айғаным, Данайым атты немерелері мен Арлан деген бал қылықты шөбересі бар.

Бүкіл саналы ғұмырын халық денсаулығын сақтау сияқты қасиетті істі атқаруға арнаған Мәкең өмірінің соңғы сәттеріне дейін тың қалпынан танбап еді. Өзінің терең теориялық білімі мен аса бай тәжірибесін жастарға үйретуден де еш жалықпаған. Осы тұрғыдан таразылағанда аудандық аурухананың қазіргі бас дәрігері Төлеу Құмарбекұлы Сарпековтың мына бір пікірі ағаның тұрлы тұлғасын тіптен биіктете түседі:

– Біздің аудандағы денсаулық сақтау жұмысы жоғары дәрежеде болып, бүкіл облыс, республика көлемінде жақсы жағынан айрықша аталып өтіп жатса, оның барлығы – осы ағамыздың арқасы деп айтуға әбден болады. «Барлық істі кадр шешеді» деп жатамыз ғой. Егер ауданымызда жоғары білікті ақ желеңді абзал жандар командасы қалыптасқан десек, бұл да – Мұрат Мұхаметжанұлының ағалық қамқорлығының, ұйымдастырушылық зор қабілетінің нәтижесі. Мен өз басым институтты бітіріп келісіммен еңбек жолымды осы ағамыздың қол астында бастағанымды өмірдегі сәтті қадамымның бірі деп есептеймін. Ол кісі маған тек емдеу ісінің қыр-сырын ғана емес, дәрігерлік қызметті ұйымдастырудың сан алуан жолдарын үйретті. Емделушілермен ғана емес, жалпы адамдармен қарым-қатынас жасаудың ізгі өнегелеріне баулыды. Ақ таяғын баласына табыстаған ардақты ата тәрізді бүкіл жазиралы Жаркент жеріндегі денсаулық сақтау саласының басшылық қызмет тізгінін қолыма ұстатты. Бұл өте қастерлі де жауапты борыш екенін жақсы түсінемін. Егер дәл Мұрат ағадай көпшіліктің көңілінен шыға білсек, біз сияқты ізбасарлары үшін одан асқан абырой болмас еді деп ойлаймын, – деген еді ол. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деген. Мұрат ағаның ізгі ісін жалғастырар осындай

шәкірттері болғаны қандай жақсы! Мәкеңнің сексен жастың сеңгіріне таяса да, өмірінің соңғы сәтіне дейін олардың ортасында орда бұзар отыз жасындағыдай жарқылдап жүргені қандай ғажап!

...Амал қанша, Алланың қалауы осылай болды: жарық дүниеде жетпіс алты жылға жуық жасаған аяулы ағамыздың татар дәмтұзы да таусылған екен. Науқастардың сай-сүйегін сырқыратқан сырқатына, «аһлеп-үһілеткен» ауруына дауа табамын деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргенде өз жүрегіне сол қамкөңіл жандардың бүкіл өксігін жинап, өзегі өртеніп кетіпті-ау! Қаралы хабарды тосыннан естігенде талай жанның төбесіне жай түскендей болды.

Талдықорғаннан әйгілі айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов телефон шалды:

– Ойпыр-ау, мына хабар рас па? Мыңдаған адамның ажалына араша түскен ағамыз еді. Бізге де талай рет қол ұшын беріп, көмектескен болатын. Айдың-күннің аманында енді аяқ асты өзінен айырылып қалғанымыз-ай...

Әлеуметтік желіде мейірбике сыныптасымыз Гүлзат Тұрлығазықызы жазба қалдырыпты. Ол да:

– Жаны жаннатта болсын! Халық үшін жаралған жан еді. Мені алғаш жұмысқа қабылдаған. Одан бері де қырық жыл өтіп, зейнеткерлікке шыққаныма екі жыл болды. Ал ол ағамыз күні кешеге дейін жұмыстан қол үзбеген еді, – деп мұңаяды.

Қимастық. Қамығу. Қайғыру... «Мухаметжанова провожают в последний путь» деген тақырыппен әлеуметтік желіге таралып кеткен бейнебаян осынау салмағы орасан зор ауыр сезімдерді одан әрі селдетіп, жанымызды жаншып жіберді.

Жаркент қаласындағы аудандық емхана мен аудандық аурухана орналасқан Л.Асанова және А.Пащенко атындағы көшелердің бойы. Асфальт жолда сиренасын анда-санда азабойыңды қаза қыла азынатып, қаралы көлік кетіп барады...

Адамдардың денсаулығын сақтау – Мәкеңнің өмірлік мақсат-мұраты еді. Алдымен Алла, одан кейін өзінің шипасы сеп болсын деп қашан көрсең де сүйегіне сіңген әдетімен жанұшыра, асыға адымдап жүретін. Мың сан рет ізгі ізі қалған сол жолменен енді жансыз тәнін тиеген автокөлік ақырын ғана жылжыды. Емдеу мекемелерінің тұсына жақындағанда сапта тұрған кілең ақ желеңді жандар көзге шалынды. Көшенің екі жағын жағалай, араларына әлеуметтік қашықтықты сақтап тізіліп тұр. Бәрі – қапалану қалпында. Арасында жүзін көлегейлеп, жиі-жиі көз жасын сүртіп тұрғандардың да қарасы көп.

Бұлар – карантиннің қатаң талабы бойынша Мәкеңнің жаназасына жиналып бара алмаған әріптестері болатын. Бүкіл жаркенттік денсаулық сақшылары өздерінің өнегелі көшбасшысы, білімді де білікті ғалым-дәрігер, халық денсаулығын қорғаудың хас шебері, адамгершілік болмысы өте биік азамат Мұрат Мұхаметжановпен осылайша қайғырып қоштасты.

Нұр ӘДІЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚҰЛАГЕР-АҒА

«Ескі көздер бара жатыр азайып,
(Олар жайлы ойламаудың өзі айып).
Ей тірілер, соларды бір еске алып,
Тебіренейік, толғанайық, жазайық!», – деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай күні кеше ғана телефон тұтқасының аржағынан салмақты қоңыр дауысымен «Исламғали інім» деп тұратын Қыстаубай ағамыз туралы естелік жазу қиынның-қиыны болып тұр. Ал, олар жайлы ойламаудың, жазбаудың өзі, одан да қиын...

Қыстаубай аға,
қабілетіңізге тәнтімін!
Хас жүйіріктей
басылмаған әлі қарқының!
Өлең жайлы, өзекті ойлар айтасыз,
Жүрегімнің, шертіп отырып
әр қылын!

Жетпістен асып тұрса
да ғұмыр жолыңыз,
(Әзілмен кейде ұмыт
қалдырамыз оны біз).
Ақындардың
жырларын жатқа айтумен,
Салып келесіз біздің
ауданға соны із!

Сөйлейсіз шабыт келгенде кейде,
желпініп,
Жаныңызға жыр,
жүрегіңізге шер тұнып!
Шешендігіңізді
шегелеп бере саласыз,
Қадыр-Мырза-Әліден
мысал келтіріп!

Айтасыз тізіп Әлемдік
даналарды да,
(Сіз білмейтін ғұлама,
аға қалды ма?)
Александр Дюмамен
әзілдесесіз,
жазушының баласын
салып алдыға.

Толстоймен де,
Пушкинмен де
сырласып,
Гогольмен де
отырасыз кейде, мұңдасып...
Қысқасы аға, Сіз екенсіз,
мен білсем,
Өлең-жырға, поэзияға
шын ғашық!

Ілиясты, ерекше жақсы
көресіз,
«Құлагерін» жатқа да
айтып бересіз...
Бүгін-пәниде, ертең
бақиға кететін,
Адамға емес, өнеріне
оның сенесіз!

Мен тәнтімін,
зеректігіңізге зерделі,
Қазына қартсыз
қарапайым мынау, елдегі.
Қазақтың Сіздей
қарттары барда, ешқашан,
Өше қоймайды өлең
мен жырдың өрнегі!!!

20.06.2020ж.

Бұл менің ол кісі туралы соңғы жазған өлеңім екен. Өлеңді оқыған соң (тағы да телефонмен): «Жаман ағаңды асыра мақтап жібермедің бе інім?» - деп күлгені есімнен кетпейді. Бұл мақтау емес аға, Сіздің болмысыңыз осындай ғой. Мына жері өтірік, қосып жіберіпсің деп айтыңызшы кәне? – дегенімде үндемей қалып, «дегенмен ылғый мақтау естіп жүрмеген адамға ыңғайсыздау екен» дегені құлағымда тұр...

Тілімізге тиек, сөзімізге сүйек болып отырған Аманжолов Қыстаубай Маталыұлы да әдебиетке жаны жақын, көп қырлы азаматтың бірі екенін бұрыннан білетінмін, әзілін тыңдап күлетінмін, ішімнен жақын тартып жүретінмін. Жездем болса да, «аға» деп сыйлайтынмын, біреулердің «Қыстаубай қырсық» деген қисық сөзіне қимайтынмын.

Адам жанының нұры болатынын, оны оқымыстылардың тілімен айтқанда «аура» дейтінін, суретшілер әулиелер мен періштелердің бейнесін сызғанда басының айналасын қоршап тұрған сәулені қоса бейнелейтінін көрген боларсыздар? Міне, бұл жанның нұры, яғни адамның аурасы. Ол иесінің мінезіне, пиғылына, ішкі жан-дүниесінің тазалығы мен ластығына қарай ақ, сары, көгілдір, күңгірт, қоңырқай т. б. түсті болып келеді дейді діни көзқарастағылар. Сол аурасы сәйкес келетіндер бір-бірімен тез тіл табысып, мүдделері қабысып кететін көрінеді де, керісінше, аурасы сәйкес келмейтіндердің «жұлдыздары қарсы» келіп, түсінісулері қиын болатын көрінеді. Сол айтпақшы мен де бұл ағама зор құрметпен қарайтынмын. Себебі, оның ақындардың өлеңдерін жатқа айтатынына тәнті едім. Әңгіме арасында айтылып отырған оқиғаға байланысты Абайдың, Төлегеннің, Мұқағалидың, Қадырдың, Тұманбайдың т.б. белгілі ақындардың қажетті өлең шумақтарын қиуын келтіріп төгілтіп, мөлдіретіп айтып кеп жібергенде тыңдаушының қыбын қандырады. Сонысымен сөздері құлағыңа құйылып, қылжақ сөзден тыйылып, тыңдай қалғаныңды білмей қаласың. Тыңдайсың да тұшынасың, тұшынасың да құлшынасың, сөз сиқырына бас иесің. Басында селқос тыңдағандар Мұқағалидың «дегендері», Жарасқанның әзілдері араласқан соң Қыстекең тағы да айта түссе деп аузына қарайтын еді.

Мен білетін Қыстаубай Маталыұлы осындай, біреуге көрмес қасындай, біреуге, қимас досындай әсер қалдыратын. Біреулер «Қыстаубай қырсық сөйлейді, тілмен қыршып сөйлейді» дейтін. Қырсық дегеннен шығады, бір кездері Жаркент қаласының мэрі болған, кейін ауданның құрылыс саласын басқарған Тұрған аға (Есіркеев) . «... райкомда Қыстаубайдан бес есе өтетін қырсықтар отыр. Бірақ, оларды «қырсық» деп айтуға ауыз бармай, «принципшіл» дейміз. Шынында қырсық адам принципшіл болады» деген еді. Расында солай-ау, сөздің жетегіне ере бермей, өз пікірін қарсы қойып, мінін бетіне айтқанды кім жақсы көрсін, ондайлар Маталыұлымен сөйлесуден қашқақтайтын. Десе, дегендей, тілінің бізі бар екені рас. Көңіліне жақпағанға сұғып алатыны да рас. Сонда, «жағатыны кімдер, жақпайтыны кімдер?» деген заңды сұрақтың құлағы қылтияды. Жағатыны – сөздің сүйегін сындырмай, тілдің тиегін түсірмей «жөнімен» сөйлейтін «өресі биіктер», жақпайтыны – киімі, қызметі, бәрі тамаша, өресі бірақ, аласа адамдар.

Адам баласын бұлай жіктеуге хақымыз да жоқ шығар, десек те, солардың өзі солай жіктеліп, жіліктеніп тұрады емес пе?

Аға көзінің тірісінде өзін қаламгермін деп есептемейтін. Жазушы Базархан Жақыбаев ағамыз ауданнан «Жаркент жауһарлары» атты шығармашылық орталығын құрып, Қыстаубай ағаны шақырғанымызда «Сендер сияқты журналист те, жазушы емеспін, менің барғаным ұят болады. Анда-санда мақала жазғаным болмаса...» деп күмілжігені есімде. Алайда сөз өнері куәлік қағазға емес, қанына біткен ағамыз сол ұйымға мүше еді. Аудандағы белгілі тұлғалар туралы мақалалары оқыған адамды таң қалдыратын. Жазу мәнері белгілі журналистерден өзгеше еді. Мысалы Мәлік Балғабаев туралы «Сұңғыла» атты мақаласына басқаны қайдам, өз басым тәнті болып едім. Мақаланың бас кейіпкерінің өмір жолын жақсы білетіндіктен құлап түскен едім. Мәкең туралы жазылған дүниелердің ішінде озық тұрғаны анық. Қыстау ағамыз менің де бірнеше кітабыма пікір жазған адам еді...

Ал, тілдің «бізіне» қайта оралсақ, бізін сұғып қан шығаратын ағамыз, ара тәрізді жаныңызға жағымды бал да шығара білетін. Бала кезінен зердесіне тоқыған мәйекті де, дәйекті сөздерді төгілтіп айтқанда өзіңіз де бал жұтқандай тамсанасыз, «япыр-ай, ә, бұл естімеген дүнием екен» деп санаңыздың терезесін қағып жар саласыз. Сонысымен үнемі таңқалдырып, тәнті етіп жүретін ағамыз, алпыс жастың белортасынан өтіп бара жатқанда заманының заңғар жыршысы Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын жатқа оқитын, жо-жоқ, айтатын еді...

Мен озық ойлы, жүрегі өлең деп өріліп тұратын Қыстаубай Маталыұлының сондағы алғашқы тыңдаушысы ретінде риясыз ризашылықтан аузыма түскен өлең шумақтары еді. Әлі топырағы суып үлгірмеген ардақты ағамыздың тіршіліктегі жарқын бейнесін есімізге түсіру үшін сол өлеңді назарларыңызға ұсынғым келеді:

Түсінбесе қасиетін халқының,
Түсінеді тіршіліктің нарқын кім?
Ілиястың «Құлагерін» жатқа айтып,
Көрсеттіңіз жаныңыздың жарқылын.

Өмір мәнін ұғар адам сенгенде,
Ал, ұқпаса – сенімің де шерменде.
Көрсеттіңіз өлең сүю үлгісін,
Алпыстың бел ортасына келгенде.

Кісіліктің мәнісі бұл, білерлік,
Білерлік те, мақтан етіп жүрерлік.
Қырық емес, елу емес – бұл жаста,
«Құлагерді» жатқа айту – шын ерлік!

Қыстау-аға, тәнті болдым шын мен де,
Өлең жаттау оңай емес, білгенге.
Поэманы* меңгеріпсіз, біз болсақ,
Бір өлеңді жатқа айта алмай жүргенде.

Мықтылар бер елді аузына қаратқан,
Байлар да бар миллиондар санатқан.
Мысқалдай кем демес едім солардан,
Мұндай зерде сыйлаған соң жаратқан!

Өмір ғой бұл, үміт оты сөнбеген,
Ұрпақ үлгі алса Сізден, жөн дер ем.
Қадірлі аға, өлең үшін мен Сізді,
Алтын тақта отырғанмен тең көрем!

Мыс деп жүрген, айыра алмай алтынды,
Батыраштар ұға алар ма наркыңды?
«Құлагер-аға» дейді енді құрметпен,
Түсінгендер жаныңдағы жарқылды.

Әттең, сол ардақты ағамыз қайырымсыз індеттің қанды тарнағына қапыда ілініп 73 жасында бақилық болып кете барды. Карантин адымымызда тұсап қойған соң, күн аралатып телефонмен сөйлесіп тұрушы едік. «Қаламгер» атты желідегі Базархан ағамыз бастаған ақын-жазушылардың шығармаларына пікірін айтып, менің жырларымды талқылап, әзіл-қалжыңмен қауқылдасып барып телефон тұтқасын әзер қойушы едік. Қандай әңгіме айтса да әлемдік әдебиеттен тартып, қазақтың қаламгерлерінен қайыратын еді. Қайран асыл ағам-ай, енді кім көтереді телефонының тұтқасын...

Қыстау-аға, Сіз кеттіңіз келмеске,
Жазмыш сол болғаннан соң, шара бар ма көнбеске?
Енді міне, Сіз де жоқсыз, әзілдесіп тұратын,
Не бір қимас сөздеріңіз келді еске.

Тән менен жан ажырады мәңгіге...
Кім айта алар дәл Сіздей ғып, енді маған әңгіме?
Елеусіздеу жүрсеңіз де, бөлек еді орныңыз,
Алып кетті, ажал бізден бөлді де.

Алла жазды, біз де соған көнеміз,
Топ ішінен енді Сіздің көрінбейді-ау төбеңіз...
Том-том өлең сиып кеткен санаңызды алайда,
Қара жерге қалай қиып береміз...

Осы өлеңді оқыған қолындағы келіні Бота: «Рахмет ата, Алла разы болсын! Енді бізге ондай адам жоқ қой... Кетер-кеткенше «Құлагерін» басына жастап жатты ғой» деп жазыпты маған...

Иә, ондай адамдар саусақпен санарлық қана ғой. Жаратқан Иеміз ағаның балалары мен немерелеріне, туған-туыстарына амандақ, сабыр берсін!

Исламғали ЖАРКЕНТИ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.
Жаркент қаласы.

Ал, тілдің «бізіне» қайта оралсақ, бізін сұғып қан шығаратын ағамыз, ара тәрізді жаныңызға жағымды бал да шығара білетін. Бала кезінен зердесіне тоқыған мәйекті де, дәйекті сөздерді төгілтіп айтқанда өзіңіз де бал жұтқандай тамсанасыз, «япыр-ай, ә, бұл естімеген дүнием екен» деп санаңыздың терезесін қағып жар саласыз. Сонысымен үнемі таңқалдырып, тәнті етіп жүретін ағамыз, алпыс жастың белортасынан өтіп бара жатқанда заманының заңғар жыршысы Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын жатқа оқитын, жо-жоқ, айтатын еді...

Гүлдария ҚАСТЕЕВА:
Әкемнің қарапайымдылығында шек жоқ еді

Жалпы мынау өмірде ұлы өнерді тудырған талантты адамдардың өмір жолы, еңбек еткен ортасы, шығармашылық тәжірибесі қарапайым оқырмандар үшін әрдайым қызықты болатыны анық. Тәңір Тағаладан ерекше қабілет дарып, талантымен көпшілікті тәнті еткен жандардың біз білмейтін құпия сырлары баршылық. Осы орайда қазақ сурет өнерінің атасы, шығармалары әлемдік деңгейде мойындалған, Қазақстанның Халық Суретшісі, есімі ұлы суретшілер қатарынан ойып тұрып орын алған Әбілхан Қастеев ағамыз туралы әңгімемізді қылқалам шеберінің қызы Гүлдария Қастеевамен жалғастырамыз.

– Гүлдария Әбілханқызы, әңгімеміздің әлқиссасын ұлы суретшінің өскен жері, елі, балалық шағынан бастасақ...

– Әкем Әбілхан Қастеев жайындағы естелігімді туған жылынан бастайын. Әкем, 1904 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Шежін ауылында өмірге келген. Үш жасында әкесі қайтыс болып, анасы Қалипан әменгерлік жолмен жақын ағайыны Мәсімге тұрмысқа шыққан. Сол балалық, жігіттік шағы Шежін ауылында өтіп, көбіне қой, ешкі, сиыр бағумен айналысқан. Мал бағып жүріп тасқа, құмға суреттер салып, өзен жағасында батпақтан түрлі мүсіндер жасап жүреді екен. Бір күні ауылға Саламатин деген фотограф келіп әкемнің салған суреттерін көргенде таң қалады. Қайта-қайта сұрап, көзі көріп көңілі сенген соң суретке тартып алады. Ол әкемнің алғашқы түскен фотосы болатын, кейін газет, журналдарда сол суреті де жарияланды. Әкем жетімдіктің, кедейшіліктің салдарынан мектепте білім ала алмаған жан. Жиырма жасына дейін өзі ізденіп, оқыған ауыл азаматтарымен араласа жүріп төте жазу мен латынша әріп танып, үйренген. Содан кейінгі уақыттарда уезд орталығы Жаркентке келіп, өзінің дара талантымен көпшіліктің көзіне түсіп, салған суреттері талайды тамсандырған екен.

– Ұлы адамдардың қарапайым болатыны жайлы деректер көп, Әбілхан ағамыз да қанша ғаламат суретші болса да өте қарапайым болған деседі. Баласы ретінде бұл сөзімді растайсыз ба?

– Әрине, қарапайымдылығы сондай үйімізден кісі үзілмейтін. Ағайындар, ауылдастар, атақты адамдар, студенттер, бәрі – бәрі біздің үйге келмей кетпейтін. Олардың бәріне – рухани жағынан ақылын айтып жол көрсетіп, ақшалай, заттай қолындағы барын ұстатып көмегін жасаумен қатар, ешқайсынан қарымтасына ештеңе дәметпейтін. Сонда бір кейіс білдіріп ренжіген емес, кеңпейілдік пен қарапайымдылығында шек жоқ еді.

– Әбілхан Қастеев – әлемдік деңгейдегі классик суретші. Ағамыз сурет саларда шабытын қалай шақырушы еді?

– Біршама уақыт ой құшағында жүреді де, содан шабыты қысқан шақта бар құрал – жабдығын жиып алып, көпшіліктен оңашаланып табиғат аясына кететін. Яғни, тау, тас пен өзен жағалауларына барып салған картинасы біткенше басқа дүниені ұмытатын. Бойындағы бар қуатын жұмысына сарқа жұмсап, үйге құр сүлдері оралатын.

– Шетелде туған болса Ә. Қастеев өте бақуатты жандар қатарынан көрінетіні анық еді. Кеңестік кезең дара талантымыздың өнерін тұншықтырды деп ойламайсыз ба?

– Енді ойлап қарасам, рас еңбегін бір кісідей бағалады. Мысалы: бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды, Ленин орденi мен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты да атанды, тағы басқа да көптеген марапаттарды иеленді. Бірақ, әлеуметтік жағынан мүлде көмек көрсетілмеді десек артық айтқандық бола коймас. Себебі, пәтер жалдап көп жүрдік, кейін кішкене ғана көне екі бөлмелі үйде тұрдық. Сол кезде әкемнен басқа да атақты жазушы, ақын, өнер адамдары болған, олардың бәрі жақсы – жақсы пәтерлерде тұрғанда бізге неге сондай көмек берілмегеніне әлі күнге таң қаламын... Кейін, Д.А.Қонаев атамыздың қамқорлығымен үй салынсын деген шешім шығарылды. Тағы да сол көне үйімізге қосымша бөлме қосып берді де, басқа атақты адамдарға берілген сияқты жаңа пәтер берілмеді. Міне, Кеңестік үкіметтің тарапынан болған осындай кемшіліктер мен кедергілер, әкемнің шығармашылығына өзінің кері әсерін тигізгені рас. Егер сол Кеңестік кезеңде аталмыш келеңсіздіктер орын алмағанда әкемнің дара дарынының арқасында, әкеміз әлемдік деңгейдегі өнер туындылары қатарын молайтып, тамаша картиналар жазып, өнердің бұдан да биік шыңдарын бағындырар ма еді деген, өкініш те жоқ емес...

– Қазақ сурет өнері атасының түпнұсқа картиналары қазір қандай ақшаға бағаланады?

– Қазіргі кезде әкеміз Әбілханның салған картиналары жеке сатып алушы тұлғалар арасында 25 – 30 мың доллардан жоғары бағалануда. Картинаның құндылығы – суреттің сапасы, салған уақыты және майлы бояу немесе сулы бояу болуына, тағы басқа ерекшеліктеріне байланысты.

– Ә.Қастеев картиналары – мемлекет мақтанышы. Ол кісінің суеттерін қорғау, сақтау мәселесі қалай жүзеге асырылуда?

– Жалпы, әкемiздің өз қолымен салған түпнұсқа туындылары республикалық музейлер мен көрмелердің төрінен орын алуда. Насихатталуы жағы да жақсы деңгейде. Дегенмен, мен өзім мемлекеттік архивке тексеру жүргізгенде байқағаным, 1963 жылы тізім бойынша әкемiздің барлығы 70 – ке жуық картинасы мемлекеттік қорға алынған екен. Оның 20 данасы ұшты – күйлі жоқ, іздеу салып шарқ ұрғанның арқасында 6-ы данасы табылып, қайтарылды да, қалғаны әлі күнге дейін белгісіз, таба алмай отырған жайымыз бар...

– Естуімізше, Әбілхан ағамыздың немересі Дәурен Қастеев те сурет өнерінде өзін мойындатып келе жатыр екен...

– Иә, Дәурен баламыз атасына тартып, өнердің осы сурет саласында біршама жетістіктерді бағындырып өнершіл, қауымның ыстық ықыласына бөленіп жүр. Көптеген халықаралық, республикалық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарды да иеленді. Және бауырым Нұрқаттың Сауран атты баласы да сурет өнерінің майталманы болып, өнерге деген өзіндік үлесін қосып жүргендігі және бар.

– Әбілхан ағамыз туған жеріне жиі барушы ма еді?

– Әрине, бізді де жиі апаратын. Ауылға барғанда туған-туысты аралап, арқа-жарқа болып қуанып қайтатынбыз. Әкеміз бауырмал адам еді, ағайындарымен жақсы араласып, сыйласатын. Қазақи қасиеті басым, ата – баба дәстүрін берік ұстанған изетті жан болған.

– Ұлы суретшінің қандай арманы бар еді?

– Мынадай арманы болды деп айта алмаймын... Бірақ, ол кісі үнемі бейбітшілікті жанындай жақсы көретін, өсіңдер, өніңдер, татулықпен бір – біріңе мейірімді болыңдар - деп, үнемі айтып отыратын.

– «Таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен өнер қонды» деген Ә.Қастеевтің бізге беймәлім тағы да қандай құпия сырлары бар еді?

– Әкемiздің тағы бір ерекшелігі үйге керекті тұрмыстық заттарды, сондай-ақ, сурет салуға қажетті құрал – жабдықтарды бір рет көрсе болды солардың бәрін өзі қолдан жасап алатын асқан шеберлігі де бар еді. Және сол жасаған заттары түпнұсқадан да әдемі, қарапайымдылығымен қоса әрдайым қолдануға да тиімді болып шығатын. Сондай-ақ, тағы бір атап өтер даралық қасиеті – әкеміз, айналада болып жатқан барлық табиғи құбылыстарды біздер сияқты көріп қана қоймай, белгісіз бір түйсік арқылы солардың әрбір түйірін, қимыл – қозғалысын, демалысын және көзге көрінбес нәзіктігін бар жандүниесімен сезіне білуінде болған-ау деген де ой келеді...

– Гүлдария Әбілханқызы, біздің «Жауынгерлік Даңқ музейіне» ағамыздың көзіндей болған біраз заттарды сыйға тартпақшы екенсіз, енді сол жәдігерлерді көпшілікке таныстырып өтсеңіз?!..

– Әкемiздің кіндік қаны тамған өңірдің орталығы Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ музейіне»:

- Әкемiздің 100 жылдығына орай шығарылған темір ақша (50 теңге);
- Мерейтоға арналып жасалған түрлі – түсті открыткалар;
- Әкемiздің өз қолымен салған орнаменттері басылып шыққан кітап;
- Альбом суреттері;
- Ә. Қастеевтің суреті бейнеленген кілемше;

Міне, осынау аз да болса тарихы жағынан құнды, бағалы заттарды қазақтың дара дарынының өмірінен естелік болсын деген ниетпен сіздердің музейге тегін сыйлық ретінде ұсынып отырмын.

– Гүлдария Әбілханқызы, бүгінгі сұхбатымыздың құрметті қонағы болып, қазақ сурет өнерінің атасы болған Ә.Қастеевтей дара талант өмірінен айтқан естеліктеріңіз үшін, басымызды иіп көп – көп рахмет айтамыз! Сізге зор денсаулықпен қатар өмірдегі бар жақсылықты тілейміз, аман сау болыңыз!

– Сіздер де аман болыңыздар, айналайындар! Ұлтымыздың ұлы тұлғалары келешек ұрпаққа үлгі, өнеге болсын. Жұмыстарыңа толағай табыс тілеймін! Рахмет!

Әңгімелескен **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.

Ұлы ақынның ұлағатын ұғындырған шара

«Бала тәрбиесі – басты байлығың, Кешіксең – болар қайғы-мұң» деген екен Абай атамыз. Ақиқатында да, бұл істе ешқашан үзіліс, кідіріс болмауы керек. Тәрбиелеу мен білім беру әрдайым жүйелі түрде жалғасуы қажет. Осы орайда қазіргідей күрделі пандемиялық кезеңде қашықтықтан оқытудың маңызы ерекше. Осыны ескере отырып Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінде көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Мәселен, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай 1 курс студенттері арасында ұлы ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу бойыншақашықтықтан байқау ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жуырда қашықтықтан «Абай тағылымы және ұрпақ тәрбиесі» атты тақырыпта вебинар болып өтті. Колледж әкімшілігі бұл шараны **zoom** режимінде ұйымдастырды.

Ұлы Абайдың білім мен ғылымға, өнер мен еңбекке үндеген ақыл-өсиетке толы жырлары мен қара сөздерін ұрпақ санасына сіңіруді мақсат еткен бұл вебинарды колледж директоры Б. Н. Сауранбаева кіріспе сөз сөйлеп ашты. Үш бағыт бойынша өткен шараның «Абай мұраларының педагогикалық құндылығы» аттыбіріншісінде колледж директорының ғылыми әдістемелік істер жөніндегі орынбасары К. Б. Құрабалдиева, колледждегі қазақ тілі мен әдебиеті магистрі Р. Т. Қожабергенова, «Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы» екінші бағыты бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты С.Қ. Қожағұлов, осы жоғарғы оқу орнының доктаранттары М.Б.Тұманбаева мен Е.Совет, «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» атты үшінші бағыт бойынша сондай-ақ, абайтанушы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алмахан Мұхамедқалиқызы, «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық музейінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлы тағылымы терең сөз сөйлеп, қойылған сұрақтарға жауап берді. Шара соңында колледж студенттері ұлы ақынның өлеңдерін нақышына келтіре оқып, әсем әндерін асқақтата шырқады

Рысқұл ҚОЖАБЕРГЕНОВА,
ЖЖГТК оқытушысы, «Абайтану» үйірмесінің жетекшісі.
Жаркент қаласы.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
- Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында терілін, беттелді.
- Газет индексі - 65161

Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
- Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №484